


Тексерілді:

«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасының
әдіскері
А.Т. Уразмуханбетова 

Бекітемін:

№1 педагогикалық кеңес шешімімен
«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасының
директоры
М.Н. Утешова



2020ж

«Құлыншак» мектепалды даярлық тобының 2020 – 2021 оқу жылындағы «Бояулар кұпиясы»
тақырыбындағы вариативті компонентің жоспары

Тәрбиешілері: Құсанова.Р
Аяпбергенова Р

2020 - 2021 оқу жылы

Максаты:

- Мектеп жасына дейінге балалардың сезімдік-эмоционалдық ортасы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, шығармашылық ойлау мәдиеті мен елестетуін дамыту.
- Психикалық қабілеттерін, ойлау есте сақтау, қиялын дамыту.
- Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеттері.

- Байланыстыра сөйлеуге басты назар аудару қажет.
- Балалардың Қазақстан өнері, оның қайнар көздерімен негізін салушылар туралы білімдерін кеңейтіп, байыту керек.
- Әртүрлі халықтардың мәдениетін түсіне, ажырата білуге үйрету.

Күтілетін нәтиже:

- Сурет жанрларын, олардың бір-бірінен айырмашылығын ажырату.
 - Суретші, акын, сазгер еңбектері туралы білуге;
 - Қарындаштармен дұрыс сурет салуды білу; өз беттерімен тапсырма орындауды;
 - Қарындаштардың барлық түрлерімен жұмыс жасауды үйренеді;
- Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі – 1 сағат.
Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы 25-30 минут

Тақырыптық күнтізбелік жоспары

р/с	Тақырыбы	Мақсаты.	Сағат саны	Мерзімі
1 ✓	Күзгі бақ	Күзгі табиғаттың өзгерістерін байқай білуге және елестету арқылы жапырақтарды пайдалана отырып күзгі бақтың келбетін бейнелеу үйрету.	1	2.09
2 ✓	Күзгі жапырақтар	Балаларға күзгі жапырақтардың суретін салуды үйрету. Жапырақтарды үлкен – кіші етіп қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру. Әдемі түстерді пайдалану. Майлы бояуды жұмыс істеуді қалыптастыру.	1	09.09
3 ✓	Көбелектер әлемі	Табиғат әлеміне деген әдемілігіне қызығушылығын арттыу, бояулардың түстерінің мәнін түсінуге қалыптастыру. Көбелектің бейнесін әдемі етіп бояуға үйрету.	1	16.09
4 ✓	«Гүлді бақ» (дәстүрден тыс картоппен салу)	Балаларға күздің соңғы гүлдеп тұрған гүлдерін бақылатып, ауа райының салқындығына байланысты болмайтыны туралы түсіндіре отырып, гүлді бақты картоппен бастырып салуды үйрету. «Картопты қызғалдақ пішіні етіп кесіп алу»	1	23.09
5 ✓	«Жаңбырдың түсі қандай?» Көк түсті созу	Табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, бояулардың түстерінің мәнін түсінуге қалыптастыру.	1	7.10
6 ✓	Дәмді жемістер	Балаларға жемістер туралы түсінік беру. Балаларға жай қарандашпен өздеріне ұнаған жемістердің суретін салуды үйрету. Қауіпсіздік ережесін сақтауға баулу.		14.10
7 ✓	«Сия тамшысы» таңбасы	Сурет салуға қызығушылығын арттыру, сияны тамшылата отырып, одан ұқсас бейнені дамытып, сурет салуға үйрету.		21.10

8 ✓	Пайдалы көкөністер	Балаларға көкөністердің пішінін келтіре отыра (сопақша, дөңгелек,) салуды үйрету. Алдымен қарандашпен салып содан кейінакварель бояуымен қылқалам арқылы бояуды түсіндіру. Ұқыпты сурет салуға баулу.	1	28.10
9 ✓	Орман (үрлеу әдісі)	Үрлеу әдісін қолдана отырып жаз мезгілінің көрінісін қағаз бетіне түсіруге үйрету.	1	4.11
10 ✓	Көңілді жемістер мен көкөністер.	Балалардың қиялын, зейіні дамыту. жемістер мен көкөністерді бейнелей отырып, оларға «жан» бітіруге (қол, көз, аяқ, т.б) үйрету.	1	11.11
11 ✓	Күзгі жапырақтар (шашырату әдісі)	Балаларға дәстүрден тыс сурет салу технологияларын мңгерту. Сурет салуға деген қызығушылықтарын ояту. Түстерді үйлестіріп таңдауды үйрету.	1	18.11
12 ✓	Пайдалы сәбіз (дәстүрден тыс әдісі, табиғи алмамен)	Балаларға пайдалы жемістер туралы түсінік бере отырып, алманы бастыру арқылы сурет салуға үйрету. Балалардың қызығушылықтарын арттыру.	1	25.11
13 *	Ала сиыр(Шаблонмен жұмыс)	Айналадағы дүниенің заттық көлемін пішінін, түсін сақтай отырып, бастыру арқылы сурет салуға үйрету.	1	2.12
14 ✓	Аяз өрнегі (балауызды қолдану)	Балауызды пайдаланып сурет салуға үйрету. Терезеге түскен аяз өрнегіне сәйкес түстермен бейнелеу іскерліктерін қалыптастыру.	1	9.12
15 ✓	«Қыс келбеті»	Балаларға қыс келбеті тақырыбында композиция жасауды үйрету. Суретті үйлестіріп салуға дағдыландыру. Балаларды әдемілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		16.12

16 ✓	«Әдемі шырша» (Шанышқы мен салу)	Дәстүрлі емес әдіс-тәсілдер арқылы балаларға шанышқымен шыршаны бейнелеуді үйрету.	1	23.12
17 ✓	«Қысқы түн» шашырату әдісі	Суретті салуда саусақ бұлшық еттерін дамыту, сурет салуға дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, қызығушылықтарын дамыту.	1	6.01
18 ✓	Жасыл шырша	Балаларды Жаңа жылдық шыршаны балауыз шаммен салуды оны акварель бояуымен салуды үйрету.	1	13.01
19 ✓	Менің көлігім	Балаларға өздеріне ұнайтын көліктері туралы әңгімелете отырып, түстерді үйлестіре пайдаланып көліктің бейнесін салу дағдылыларын жетілдіру.	1	20.01
20 ✓	«Маймақ, маң-маң басады» мөр басу	Аюдың ізін дәстүрден тыс көкөніс бастырмасы арқылы үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету.	1	27.01
21 ✓	«Күнге көмек берейік.»	Жаттығуларды дұрыс жасауға баулу. Алақан тәсілі арқылы күннің бейнесін салуды үйрету. Дәстүрден тыс сурет салу тәсілдерін меңгерту.	1	3.02
22 ✓	Дәруменді алма (дәстүрден тыс тәсілі)	Балаларға алма туралы түсінік бере отырып, алманы бастырма арқылы салғызу. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	10.02
23 ✓	Аққала қонақа келді Дәстүрден тыс тәсілі	Балаларға аққаланы тұзбен салуды үйрету. Тұзды шашыратпай пайдалану дағдыларын қалыптастыру.	1	17.02
24 ✓	Дәстүрден тыс тәсілі жіппен Әдемі гүлдер	Балаларға жіппен сурет салуды үйрету. Суретті ұқыпты, әдемі салуға баулу.	1	24.02 ауа райы
25 ✓	Кемпірқосақ (жіптерді пайдалану)	Кемпірқосақтың келбетін жіпті бояу арқылы бейнелеу тәсілін үйрету. Табиғат құбылыстарының әдемілігіне қызығушылықтарын	1	3.03

		арттыру.		
26 ✓	Дәруменді алма (дәстүрден тыс тәсілі)	Балаларға алма туралы түсінік бере отырып, алманы бастырма арқылы салғызу. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.	1	10.03
27 ✓	Күн (алақанмен сурет салу)	Алақанмен күннің бейнесін салу тәсілін үйрету. шығармашылық, эстетикалық қабілеттерін дамыту.	1	17.03
28	«Қошқар мүйіз» оюы (әртүрлі әдістерді біріктіру)	Сурет салудың әртүрлі әдіс-тәсілдерін пайдаланып бір суретті бірнеше түрдендіріп сала білу іскерлігін дамыту.	1	24.03 <i>мерекі</i>
29 ✓	Тостаған	Балаларға тостағанды далаппен, көзге арналған теньмен бояуды үйрету. Сурет салуға жаттықтырып, қол қимыл үйлесімділігін дамыту.		31.03
30 ✓	Қарақат бұтағы (мақталы таяқшамен бояу)	Таяқшаларды қолдану арқылы балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтарын ояту. дәстүрден тыс әдісті пайдаланып, суретті қағаз бетіне түсіру.	1	14.04
31 ✓	Жайдарлы жаз (қағазды екіге бүктеу)	Табиғат әлемінің әдемілігіне қызығушылықтарын арттыру. Бояулардың түстерін ауыстырып, қағазды екіге бүктеу әдісін қолдануды үйрену.	1	21.04
32 ✓	Өсімдіктер	Өсімдіктер бастырмасын қолдану арқылы гүлдер, шөптер бұтарқтарды, жапырақтарды пайдалана отырып, сурет салуды үйрету. Балалардың қызығушылығын арттыру.	1	28.04
33 ✓	Дақ графикасы	Дақ графикасы арқылы балалардың қызығушылығын арттыру. Балаларға түспен эксперимент жасауға, суретті өз қалауы бойынша аяқтауға мүмкіндік туғызу.	1	5.05
33 ✓	Бір басылымды сурет (Монотопия)	Целлофан немесе әйнеккебейнелеп, қағаз бетіне көшірілетін сурет салуға үйрету. Балалардың	1	12.05

		шығармашылығын дамыту. Балықтың суретін бейнелету.		
34 ✓	Қаңқыз	Балаларға дәстүрден тыс тәсілі тіс щеткасымен сурет бейнелеуді үйрету. Кескінді қиып алып, қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуді қалыптастыру.	1	19.05
35 ✓	Көктем келді	Балаларға дәстүрден тыс , шанышқымен қызғалдақтың суретін салу дағдыларын қалыптастыру. Көктемгі табиғатты бейнелете отырып, балаларды сұлулыққа, әдемілікке тәрбиелеу.	1	26.05

Күні: 2.09.2020ж

Тақырыбы: «Күзгі бақ»

Мақсаты: Балалардың күзгі табиғаттың өзгерістерін байқай білуге және елестету арқылы жапырақтарды пайдалана отырып, күзгі бақтың келбетін бейнелеуге үйрету.

Күз, күз, кел, кел,

Қорықпаймын ешқашан.

Суық, суық, жел, жел,

Далада, далада,

Өте әдемі.

Алтын күз, алтын күз,

Көңілді келді.

Тиын да жақсы бейне таспа бар екен., тиын сол бейнетаспаны бізге көрсетуге келіпті.

Тыныш отырып көреміз.

Балалар тиын бізге табиғаттың көрінісін көрсетті. Ормандағы ағаштар және жерге түскен жапырақтарды.

Жапырақтардың түсі қандай?

Балалар осы көріністі «Алтын күз» деп атауға болады.

Енді ормандағы ағаштардың күзгі көрінісін әдемі сурет етіп саламыз.

Балалар аққағазда

Ағаштың діңі салынған, сол ағашқа сары түсті бояумен жапырақ саламыз.

Қылқаламды сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске батырып жапырақ жасаймыз. Артынан төбешіктерді сары түске бояймыз. Ол үйілген сары жапырақтар.

Сергіту сәті:

Балалар күн шықты!

Балалар күнді бұлт жапты!

Балалар жел соқты!

Қорытынды

Күзгі табиғи ерекшеліктерді. Сұрақ-жауап арқылы.

Күтілетін нәтиже: Ормандағы әр – түрлі ағаштар болатындығын.

Басып, жасау тәсілімен жапырақтарды салуды.

Күні: 09.09.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»

Мақсаты: Балаларға күзгі жапырақтардың суретін салуды үйрету.

Жапырақтарды үлкен – кіші етіп қағаз бетіне дұрыс орналастыра білуге дағдыландыру. Әдемі түстерді пайдалану. Майлы бояуды жұмыс істеуді қалыптастыру.

Әдіс – тәсілі: ширату, сұрақ – жауап, сергіту сәті.

Қажетті – құралдар: Майлы бояу, ақ қағаз. Үлгі суреттер

Ұйымдастыру бөлімі:

Ширату:

Асапан ашық, көгілдір
Күн шуағын төгіп тұр!
Қол ұстасқан біздерді,
Тереземнен көріп тұр.

Сұрақ - жауап

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Күзде ауа райынды қандай өзгерістер болады?

Күзде апырақтар қандай болады?

Балалар бүгін біздер күзгі жапырақтарды бақылай отырып, қағаз бетіне түрлі түсті ауда ұшып жүрген үлкен кіші жапырақтардың суретін салатын боламыз. Ол үшін бізге майлы бояу қажет болады. Қауіпсіз жұмыс жасау ережесін еске түсіру.

Балалардың жұмысын бақылау.

Жарайсыңдар балалар!

Сергіту сәті.

Қорытынды: Ыстық орындық әдісі арқылы қорытынды жасау. Көрме жұмысын ұйымдастыру. Жарайсыңдар балалар!

Нәтижесінде : Балалар күзгі мезгіл туралы түсінікті меңгере отырып, қағаз бетіне майлы бояумен жапырақтарды бейледі.

Күні: 16.09.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: Көбелектер әлемі

Мақсаты: Табиғат әлеміне деген әдемілігіне қызығушылығын арттыу, бояулардың түстерінің мәнін түсінуге қалыптастыру. Көбелектің бейнесін әдемі етіп бояуға үйрету.

Әдіс – тәсілі: саяхат жасау, тақпақ, сергіту сәті.

Қажетті – құралдар: Майлы бояу, ақ қағаз. Үлгі суреттер. Бейне таспа.

Ұйымдастыру бөлімі:

балаларды серуенге шығарып айналаны бақылату.

Айналада нелер бар екенін сұрау.

Балалар қараңдаршы көбелектер қандай әдемі?

Көбелектер түрлі түсіт. Олар гүлдердің тозандануына көмектеседі. Олар табиғатқа сән береді. Қане мына өлең жолдарын қайталайық.

Гүл ашылса аулада,

Бал арасы келеді.

Бал арадан кейін,

Көбелектер келеді.

Балалар осы енді бақылаған көбелектерімізді ішке барып қағаз бетіне әдемілеп түрлі түсті етіп бояйық. Оны біз майлы бояумен бояйтын боламыз.

Балалардың жұмысын бақылау.

Жарайсыңдар балалар!

Сергіту сәті. Видио ролик арқылы «Салем салем!»

Қорытынды: Көрме жұмысын ұйымдастыру. Балалардан қай сурет ең әдемі шыққанын әңгімелету. Балаларды смайлик арқылы бағалау.

Нәтижесінде : Балалар көбелектерді бақылап оларды әдемі түске бояй білді.

Күні:23.09.2020.

Тақырыбы:Гүлді бақ «(дәстүрден тыс картоппен салу)

Мақсаты: Балаларға күздің соңғы гүлдеп тұрған гүлдерін бақылатып,ауа-райының салқындығына байанысты болмайтыны туралы түсіндіре отырып,гүлді бақты картоппен бастырып салуды үйрету.(картопты қызғалдақ пішіні етіп кесіп алу.

Шаттық шеңбері:

Қаптайды аспан.

Күз келіп дымқыл тұман,

Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сүр бұлт, ақ бұлт,күз.Балалар күздің соңғы гүлдерін көріп тұрмыз.Олар ауа-райының салқындығына байланысты солып қалады.Ал жаз мезгілі болғанда қайтадан шығады.

Сергіту сәті:

«Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуміз?

Біз үйде біз бесеуміз.

Жарайсыңдар балалар!

Балалар біз дәстүрден тыс әдіс арқылы Гүлді бақты картоппен бастырып,қызғалдақ пішінін саламыз.

Қорытынды

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді.

Күзде күннің салқын болатындығын.

,картоппен сурет салуды..

Күні: 7.10.2020ж

Тақырыбы: «Жаңбырдың түсі қандай?Көк түсті созу.

Мақсаты Табиғат әлеміне деген қызығушылығын арттыру, бояулардың түстерінің мәнін түсінуге қалыптастыру.

Қаптайды аспан.

Күз келіп дымкыл тұман,

Жерді басқан. Балалар далаға қараңдаршы.

Далалада күн бұлтты болып тұр. Бұлт күнді жиі жауып тұрады. Өйткені күз мезгілі келді.

Кәне, балалар мына сөздерді айтып тілімізді жаттықтырамыз:сұр бұлт, ақ бұлт,күз.

Мына суретке қараңдаршы.

Бұл суретте ауа – райының бұлтты екенін көрсеткен.

Кәне, балалар осы суретке карап күннің көзін жапқан бұлттың суретін саламыз.

Күздігүні аспан түсті болмайды. Сұр бұлтты , көк түсті болады.

Алдымыздағы қылқаламды сұр түске бояп, аспанды көк түске бояймыз.

Сергіту сәті:

«Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Біз үйде біз бесеуіміз.

Жарайсындар балалар!

Қорытынды

күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді.

күн де бұлт та аспанда болатындығын.

тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

Күні: 14.10.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: Дәмді жемістер

Мақсаты: Балаларға жемістер туралы түсінік беру. Балаларға жай қарандашпен өздеріне ұнаған жемістердің суретін салуды үйрету.

Қауіпсіздік ережесін сақтауға баулу.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ой қозғау ойын,

Қажетті – құралдар: бояулар, ақ қағаз. Үлгі суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі:

Шаттық шеңберін құру.

Ауадан қуат алайық,

Алақанға салайық,

Жерден нәр алайық,

Алақанға салайық,

Күннен шуақ алайық.

Алақанға салайық.

Күн шуағын апайларға сыйлайық

(Алақандарын үрлейді)

Жұмбақ жасыру.

Сырты тәтті

Іші қатты,

Ортасы сүйек қатты. (өрік)

Доптар жатыр желісі бар,

Қабат-қабат терісі бар (орамжапырақ)

Көкпеңбек еді көктемде,

Қызарды күз жеткенде. (алма)

Бақшада жер қазып,

Жиып алдым жез қазық. (сәбіз)

Дидактикалық ойын: «Дәміне қарай ажырат».

Балалар енді өздеріне қалаған жемістің сурет салыңыздар.

Алдымен жай қарандашпен сұлбасын салып оны түрлі түсті қарандашпен бояймыз.

Қорытынды: Көрме жұмысын ұйымдастыру. Балаларға өз жұмыстарын баспалдақ сатысы арқылы қорытындылату. Балаларды мадақтау.

Нәтижесінде : Балалар жемістің суретін салуды меңгерді. Оны әдемілеп бояуды білді.

Күні: 21.10.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: Сия тамшысы таңбасы

Мақсаты: Сурет салуға қызығушылығын арттыру, сияны тамшылата отырып, одан ұқсас бейнені дамытып, сурет салуға үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойын, әңгімелесу. Сурақ – жауап.

Қажетті – құралдар: Майлы бояу, ақ қағаз. Үлгі суреттер. Бейне таспа.

Ұйымдастыру бөлімі:

Шаттық шеңберін құру.

Ауадан қуат алайық,

Алақанға салайық,

Жерден нәр алайық,

Алақанға салайық,

Күннен шуақ алайық.

Алақанға салайық.

Күн шуағын апайларға сыйлайық

(Алақандарын үрлейді)

Картотека №2

«Сиқырлы түстер» дидактикалық ойыны

Балаларға сурет салуды неше түрлі әдістері бар екенін түсіндіру.

Бүгін сия тамшысы арқылы сурет салатын боламыз.

балаларға жұмыс барысында суретті қалай салу керектігін көрсету.

Қауіпсіз жұмыс істеу ережесін еске түсіру.

Қорытынды: Балалар сендерге сия тамшымен сурет салған ұнадыма ?

Салған суреттеріңнен қайндай бейнені көріп тұрсыңдар. Балаларға өз жұмыстарын баспалдақ сатысы арқылы қорытындылату. Балаларды мадақтау.

Нәтижесінде : Балалар сия тамшысы технологиясын білді.

Сия тамшысы технологиясы сурет салуға қызығушылықтары қалыптасты.

Күні: 28.10.2020.

Тақырыбы: «Пайдалы көкөністер»

Мақсаты: Балаларға көкөністің пішінін келтіре отырып (сопақша, дөңгелек) салуды үйрету. Алдымен қарындаш пен салып, қылқалам арқылы бояуды түсіндіру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Билингвалды компонент: қайықша-катер

Сөздік жұмыс: қайықша

Көрнекіліктер: тақырыптық сурет

Ұйымдастыру:

Шаттық шеңбер

Армысың, көк Аспан!

Армысың, Жер Ана!

Армысың, жан досым!

Міне, қолым бос,

Жылуыма жылу қос.

Табиғат бұрышымен жұмыс жүргізу

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балаларды күздің келбеті бейнеленген суретті көрсетіп таныстырады. Күз туралы түсінік береді. Күздің бізге, берер ырысын, молшылығын, берекесін айтып түсіндіреді.

Ырыс алды – береке деген мақалға мән бергізіп түсіндіреді.

Күздің берер жемістерін, көкөністерін айтып, олардың атауларын ататып айтады.

Дидактикалық ойын

«Көкөністер мен жемістер»

Ойын шарты: Күздің берген байлықтары көкөніспен, жемістерді шашады, балалар соларды екі себетке ажыратып салу тиіс.

Ал, енді алдымызда әр түрлі материалдар бар, солардан біз, әркім өзі қалаған жемісін немесе көкөністерін жасаймыз.

Молшылық, береке деген сөзді қалай түсінеміз?

- Күздің берер сыйы қандай?

- Табиғи заттар ұнады ма?

Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Күздің берер байлығын

Нені игерді: Молшылық – береке туралы игерді.

Нені біледі: табиғи материалдармен жұмыс жасауды.

Күні: 4.11.2020.

Тақырыбы: Орман (үрлеу әдісі)

Мақсаты: Үрлеу әдісін қолдана отырып Жаз мезгілінің көрінісін қағаз бетіне түсіруге үйрету.

Әдіс – тәсілдер: түсіндіру, көрсету, бекіту.

Сөздік жұмыс: Орман

Билингвальды компонент: күз мезгілі – осенний сезон, жаз мезгілі – летний сезон көктем мезгілі – весенний сезон.

Қолданатын көрнекі құралдар: орман суреттері, қарындаш, кисті, қағаз.

Амандасу үлкенге

Тәрбиенің басы ғой

Сәлем дейік үлкенге

Қосылып бірге айту

Табиғат бұрышымен жұмыс

жүргізу

Жыл мезгілдеріне тоқталу.

Ай аттарын сұрау.

Апта күндерін атау.

Ауа райын бақылау.

Балаларды орманның суреттерімен таныстыру. Орман жылдың 4 мезгілінде қалай өзгеріп тұрады?

1. Суретте орманның көктем мезгіліндегі уақыты
2. Суретте орманның жаз мезгіліндегі уақыты
3. Суретте орманның күз мезгіліндегі уақыты
4. Суретте орманның қыс мезгіліндегі уақыты.

Осы орман суреттерінің айырмашылығын анықтап, түсіндіру.

Жазда көк, көктемде көк, күзде сары түске, қыста аппақ түске айналатынын білдік.

Енді осы орманды қағазға түрлі – түсті қарындармен орманның бейнесін үрлеу әдісі арқылы саламыз..

Қортынды сұрақтар:

- Орман дегенімізді қалай түсінеміз?
- Төрт мезгілді атаңдар?
- Жыл мезгілінде дала қандай түске бөленеді?

Осы жасаған заттарыңды көрмеге қойыңдар!

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Жылдың төрт мезгілге бөлінетінін

Нені игерді: орман туралы ұғымды үйренді.

Нені біледі: 4 жылда орман төрт түске боялатынын

Күні: 11.11.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: Көңілді жемістер мен көкөністер

Максаты: Балалардың қиялын, зейіні дамыту. жемістер мен көкөністерді бейнелей отырып, оларға «жан» бітіруге (қол, көз, аяқ, т.б) үйрету.

Әдіс – тәсілі: саяхат жасау, тақпақ, сергіту сәті.

Қажетті – құралдар: Майлы бояу, ақ қағаз. Үлгі суреттер. Бейне таспа.

Ұйымдастыру бөлімі:

Ширату

Қол ұстасып, дөңгеленіп,

Тұра қалдық екеуміз.

Өзіміз де дөңгелек

Күнге ұқсайды екенбіз

Картотека №7

Бөлігін сал

Максаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Заттың жетіспейтін бөлігін тауып орына сала білуге үйрету.

Керек құралдар: қағаз, қарындаштар.

Балаларға жемістер мен көкөністердің пайдасы туралы таспаны көруді ұсыну.

Балаларға көңілді көгөністер мен жемсітердің бейнесін көруді ұсыну.

Енді осы көңілді көгөністер мен жемсітердің сурет салатын боламыз.

Жұмыстың орындалу реттілігін көрсету.

Балалардың жұмысын бақылау.

Қорытынды: Балаларды мадақтау. Қздерінің жұмыстары туралы әңгімелету.

Нәтижесінде : Балалар көгөністер мен жемсітерге жан бітіргендей өздерінің жұмыстарына қуанып ризашылық білдірді

Күні: 18.11.2020ж

Тақырыбы: «Күзгі жапырақтар»(шашырату әдісі)

Мақсаты: Балаларға дәстүрден тыс сурет салу технологияларын меңгерту. Сурет салуға деген қызығушылықтарын ояту. Түстерді үйлестіріп таңдауға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету.

Көрнекіліктер: жапырақтың суреті, түрлі-түсті бояу, ақ қағаз.

Мен сендерді, сендердің күлкілеріңді көргеніме қуаныштымын және

осы күн сендерге қуаныш, бір-біріне жақсы қарым-қатынас сыйлайды деп ойлаймын.

Жайғасып отырыңдар, көздеріңді жұмыңдар және күзгі бақта келе жатқандарыңды

елестетіңдер. Ағаштар не туралы сыбырласуда, жапырақтардың түсі қандай? Аяқтарының астынан алуан түрлі жапырақтардың сыбыры естіледі (күзгі жапырақтар бар себетті байқатпай қояды). Көзімізді жайлап ашамыз.

Балалардан сұрайды: Бұл кімнің сыйы? (Бұл мектеп бағының сыйы). Жакында жапырақтар түседі де, ағаштар осындай алтын, алуан түсті болмайды. Айсұлу естелікке мектеп бағының сұлулығы туралы сурет қалдыруды ұсынады.

Педагог балаларға бірнеше күзгі пейзаж көрсетеді. Оларды сипаттауды сұрайды.

Балаларға өздеріне ұнаған жапырақтарды таңдап алуды ұсынады. Жапырақтың құрылымын саусақтарымен зерттеуді, қатпарлары мен сабағын қарауды ұсынады. Жапырақ кескіндерінің неге ұқсайтынын болжайды (ағаш кескіндері).

Жапырақтарды ағаштарды салу үшін қолдануды ұсынады. Балалармен бірге бедерлеу тәсілін талқылайды. Түсіндіреді: Жапырақтармен бедерлеу – бұл боялған жапырақты қағаз бетінде бастыру.

Сергіту сәті:

«Қуырмаш»

Бас – бармақ, балан үйрек, ортан терек, шылдыр шүмек, кішкене бөбек.

Бір үйде біз нешеуіміз?

Біз үйде біз бесеуіміз.

Жарайсыңдар балалар! Жапырақтары қатпарларымен жоғары қарай бұрыңдар, жапырақты қатпарлары жағынан

гуашь бояумен бояймыз, сабағынан ұстап, жапырақты абайлап аударамыз және бедерлей отырып, қағазға бастырамыз. Барлық жапырақтарды тігінен, сабақтарын төмен қаратып орналастыруға тырысыңдар. Сендер қай түстерді аласыңдар? Неліктен? Осы жапыраққа басқа бір түс жағыңдар және сол орынға қайтадан бастырыңдар. Не болғанын қараңдар. Балалар күзгі жапырақтардан бедерлеме жасайды. Композицияны салып аяқтайды.

Қорытынды жапырақтармен бастыру техникасын пайдаланып, заттардың текстурасын бейнелейді; қалыпты емес сурет салу тәсілін қолданады; өз жұмыс орнын таза ұстайды күзгі табиғаттағы ерекшеліктерді.

күн де бұлт та аспанда болатындығын.

тамшыны дөңгелекке, сопақшаға ұқсатып, айландырып бояуды.

Балалар, бізге орманнан екі себет көкөніс жемістері бар кірпі келе жатыр екен. Міне бізге келген кезде құлап себетін төгіп алыпты. Кәне бәріміз кірпіге көмектесейік.

Балалар, себеттерге көкөністер қайда өсетін білеміз бе? (балалардың жауабы тыңдалады).

Сергіту сәті:

Маймақ аю қорбаңдап

Келе жатыр орманда

Тауып алып көп жаңғақ

Тығындады дорбаға

Бір мезетте жәу жаңғақ

Шекесіне доп тиді

Ашуланған ол маймақ

Ызыланып қомпиды.

Күтілетін нәтиже:

Білу керек: - көкөністермен жемістерді топтастыру, жалпыдан жекені бөлу.

Түсінік: - пішіндері әр түрлі, дәмдері әр түрлі дәрумендерге бай, пайдалы.

Нені біледі: - жемістер бауда, көкөністер бақшада өседі, жапсыруды.

Күні: 25.11.20

Тақырыбы: «Пайдалы сәбіз» (дәстүрден тыс әдісі, табиғи алмамен)

Максаты: Балаларға пайдлы жемістер туралы түсінік бере отырып, алманы бастыру арқылы сурет салуға үйрету. Балалардың қызығушылықтарын арттыру.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру, суреттер, тақпақтар, жұмбақтар

Көрнекіліктер: тақырыптық сурет, сәбіздің суреті.

Сабақ барысы: Кәне, балалар, шаттық шеңберіне тұрып қонақтармен амандасамыз.

Үлкенге де сіз

Кішіге де сіз

Сәлем бердік біз

Сәлеметсіздерме ағайлармен апайлар

Балалар біздің қолымызда не бар

Гүл

Ендеше сол гүлдерді бір-бірімізге сыйлау арқылы жақсы жылы лебіздер сыйлайық.

Еліміз аман болсын

Ата-анамыз аман болсын

Деніміз сау болсын

Нанымыз көп болсын

Көк туымыз желбіреп биік болсын

Әрқашан күн сөнбесін

Елімізде бейбітшілік болсын

Балалар мен сендерге бірнеше жұмбақтар жасырамын сендер шешуін тез табындар

Жұмбақтар

1. Жаздай інге тығылып
Жатқан қызыл түлкіні
Әкелді әжем бір күні
Құйрығынан суырып (сәбіз)
2. Жер астында басы бар
Жер үстінде шашы бар (қызылша)
3. Көкпеңбек еді көктемде
Қызарды күз жеткенде (қызанақ)
4. Қырыққабат жейде
Осыны да жейді ел
(қырыққабат)

Күні: 2.12.2020ж

Тақырыбы: «Ала сиыр»(шаблон мен жұмыс)

Мақсаты: Айналадағы дүниенің заттық көлемін, пішінін, түсін сақтай отырып, бастыру арқылы сурет салуға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: түсіндіру, көрсету.

Көрнекіліктер: сиырдың суреті, түрлі-түсті бояу, ақ қағаз.

Шаттық шеңбері

Арайлап таң атты

Алтын сәуле таратты.

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Күліп шықты күн бүгін.

Балаларға төрт түлік малдың өзіне тән ерекшеліктерін айтады. Соның ішінде ірі қара малдың бірі сиырды таныстырады. Сиыр өте момын және адамдарға пайдасы өте көп. Сиырдың сүтін ішеміз, етін жейміз, қаймағы мен майын жейміз. Терісінен былғары аяқ киімде, қыстық жылы киімдер тігіледі. Балалар жұмыстың орындалу барысын түсіндіріп өтейін. Мұқият тыңдаңдар!

1. Ақ қағазға сиырдың бейнесін жай қарындашпен саламыз.

2. Салған суретті акварель бояумен баяймыз.

3. Жұмысты таза орындап, аяқтаймыз.

4. Жұмыс орнын жинаймыз.

Ал балалар сендерге сәттілік тілеймін!

Сиырдың бейнесін тақтадағы суретке қарап ақ қағазға бейнесін саламыз.

Сергіту сәті

Орнымыздан тұрайық,

Қолды белге қояйық.

Бір отырып,

Бір тұрып.

Сәл тынығып алайық.

Қорытынды: Балалар салған суреттерін көрмеге іледі. Балалардан сиырдың қасиетін сұрайды.

Сиырдың пайдасын сұрайды.

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Төрт түлік малдың атауларын!

Нені игерді: Сиырдың суретін салуды.

Нені біледі: Ұқыпты таза сурет салуды.

Күні: 9.12.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «**Бояулар құпиясы**»

Тақырыбы: Аяз өрнегі (балауызды қолдану)

Мақсаты: Балауызды пайдаланып сурет салуға үйрету. Терезеге түскен аяз өрнегіне сәйкес түстермен бейнелеу іскерліктерін қалыптастыру.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері , сергіту, әңгімелесу. Суретпен жұмыс..

Қажетті – құралдар: балауыз шам,акварель бояуы,қылқалам,,ақ қағаз.Үлгі суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі:

Күн шуағын жинаймын.

Достарыма сыйлаймын.

Күн жылуын аямасын,

Шуағымен аяласын.

Достық деген бәйтеректі

Барлық бала саяласын.

Балалар қазіргі мезгіл туралы кім айтады маған.

Ауа райы қандай?

Аяз дегеніміз не?

Оны біз көре аламыз ба?

Мен жұмбақ жасрайын:

Аузы жоқ,қолы жоқ

Терезеге өрнек салады. Бұл не балалар? (аяз)

Суретпен жұмыс: Балаларды аяздың бейнелеген суреттерімен таныстыру.әңгімелету.

Балалар біздер бүгін суретті балауыз майшаммен салатын боламыз.

Ол үшін ең алдымен балауыз шамның көмегімен ақ параққа аяздың өрнектерін салып алайық ,ал содан кейін көк түсті акварел бояуымен қылқаламмен салынған суреттің үстінен ақ парақты түгел бояушығыңыздар. Балалар не көріп тұрсыздар. Міне тамаша!

Картотека № 5

Көкке бойын созады,(аяқ ұшымен тұру)

Көпке қолын созады. (қолдарын жоғары көтеру)

Кең құшағын ашады, (қолдарын жаю)

Көлеңкесін тосады. (қолдарымен үшбұрыш жасау)

Көк қарағай, қарағай, мейірбанды анадай. (қолдарымен өздерін құшақтау).

Қорытынды: Балалар өз жұмыстарын тамашалап, әсерлерімен бөліседі.

Нәтижесінде : Балалар балауыз шамның және акварель бояуымен аяздың өрнегін салуды меңгерді.

Күні: 16.12.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: «Қыс келбеті»

Мақсаты: Балаларға қыс келбеті тақырыбында композиция жасауды үйрету.

Суретті үйлестіріп салуға дағдыландыру. Балаларды әдемілікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері , мнемокесте, әңгімелесу. Миға шабуыл.

Қажетті – құралдар: түрлі түсті майлы бояулар, ақ қағаз. Үлгі суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі:

Шаттық шеңбері:

Арайлап атқан таңға сәлем

Жылуын шашқан күнге сәлем!

Жайнап өскен бізге сәлем!

Білім беріп тәрбиелеген,

Апайларым, сіздерге сәлем!

Мнемокестемен жұмыс:

- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?

- Қыс мезгілінде неше ай бар?

- Балалар қыс мезгілінде ауа-райы қандай болады?

- Дұрыс айтасындар балалар, адамдар қалай киінеді?

Жарайсындар балалар. Балалар біз бүгін саяхатқа шығамыз, Ал, қайда баратынымызды білгілерің келсе, мына жұмбақтың шешуін табындар?

Ұшқан теңіз, қалың қар

Жерді басып жабалы,

Мұздай демі бет қарып,

Аяз аузын ашады (қыс)

Балалар, бүгін қыс мезгіліне қонаққа барамыз. Қыс өзі қандай болады? Қыста не жауады?

Билингвальды компонент:

Аяз-мороз. Қар-снег . Аққала-снеговик. Шырша-ёлка.

Балалар енді сіздер қыстың келбетін көрдіңіздер. Қыс мезгілін бейнелеп суретін салатын боламыз.

Балаларға бақылау жүргізу.

Қорытынды: Балалардың жұмыстарын смайликпен марапаттау.

Нәтижесінде : Балалар ауаға саяхатқа шығып қыс келбетінің композициясын бейнелей алды.

Күні: 23.12.20

Тақырыбы: «Әдемі шырша» (шанышқымен салу)

Мақсаты: Дәстүрлі емес әдіс тәсілдер арқылы балаларға шанышқымен шыршаны бейнелеуді үйрету.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру, суреттер, тақпақтар, жұмбақтар

Көрнекіліктер: тақырыптық сурет, сәбіздің суреті.

Сабақ барысы: Геометриялық пішіндермен безендірілген шырша ағашының үлгісін көрсету.

Үлгіні талдау.

-Балалар тақтадағы шырша ойыншықтары немен безендірілген?

-Ойыншықтардың пішіні қандай?

Біз де бүгін шыршаны геометриялық пішіндермен әшекейлейік.

Көрсету және түсіндіру.

Ойыншықтарды мақта оралған таяқшамен салу тәсілін көрсетемін.

-Дөңгелекті солдан оңға қарай дөңгелете сызу.

-Түстерді кезектестіріп бейнелеу.

-Бояуды біркелкі қағаздан үзбей, таяқшаны баспай жеңіл, көтеріңкі жағу.

Басқа пішіндерді де солай салуды көрсетемін.

Сергіту сәті:

Жасыл шырша орманнан

Бізге арнайы келіпті.

Ойыншығын балалар

Шыршаға әсем іліпті.

Дьеништың блоктарымен «Ойыншықтар» ойыны

Геометриялық пішіндерді көлеміне, түсіне қарай жинатқызу.

Шырша шамдарының түсі әртүрлі болатынын айтады. Балалар түстердің атауларын қайталап, естеріне түсіреді.

Балалардың өзіндік жұмыстары.

Балаларға әдіс-тәсілдерді көрсеткен соң, сурет салуға нұсқаулық беріледі.

Жұмыс барысында бақылау, жеке нұсқаулық беру, балаларға көмектесу.

Күтілетін нәтиже: шанышқымен шыршаны бейнелеуді үйренеді

Күні: 06.01.20 21

Тақырыбы: «Қысқы түн» (шашырату әдісі)

Мақсаты: Сурет салуда саусақ бұлшық еттерін дамыту. Сурет салуға дәстүрлі емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып, қызығушылығын дамыту.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру, суреттер, тақпақтар, жұмбақтар

Көрнекіліктер: тақырыптық сурет, сәбіздің суреті.

Сабак барысы: Е.Елбаевтың «Қыс» туралы өлеңін оқиды.

Көкті бұлт тұмшалап,

Жер ақ тонын киеді.

Шұнақ аяз шымшылап,

Ақ бетінен сүйеді.

Құлақтарын үсіткен,

Шынықпаған қай бала?

Осы болар қыс деген,

Айтсақ жауап жай ғана.

Балалар өлеңді мұқият тыңдайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік

- Балалар, суретші қыс мезгілін салғанда қандай көріністі көз алдына елестетеді деп ойлайсындар? Суретшіге нені салуға болады?

(Қар басқан ағаш, жер, сырғанақ, тау, аспан т.б.). Тәрбиеші әңгімелесу, сұрақ-жауап әдістерімен тақырыпты ашады.

- Далада қар жауып тұр.

Шыршаларды қар басқан.

Сергіту сәті (саусақ жаттығуы) :

Қолды үстелге қоямыз,

Саусақтарды санаймыз:

1, 2, 3, 4, 5 – 5 – 4 – 3 – 2 – 1,

Екі қолды біріктіріп.

Балалар шанамен сырғанап, ойнап жүр.

- Балалар, бүгін біз қыс көрінісінің суретін саламыз. Көкжиек деген – жер мен аспанның қиылысқан жері.

Бәріміз қағазымызды дайындап алып, ашық көк түспен қағаз бетін толық бояп аламыз, сүйкей жағу тәсілімен, солдан оңға қарай дәптер бетінің орта тұсынан түзу сызық жүргіземіз. Бұл сызық көкжиек деп аталады, сызықтың жоғары бөлігі аспанды, төменгі бөлігі жерді бейнелейді. Төменгі бөлігіне ағаштар мен шыршаларды саламыз, ақ түспен мамық қардың суретін саламыз.

Көкжиек сызығының жоғары бөлігіне бұлттарды, жауып тұрған қарды салып көреміз.

Балалардың іс-әрекеті

Өлең жолдарына сәйкес кимылдар жасайды.

Бояулармен жұмыс істейді, суреттің мазмұнын нақты беруге тырысады. Қылқаламды еркін сүйкей жағады.

Рефлексиялық- түзетушілік

- Балалар, біз бүгін қандай сурет салдық? Қыс мезгілінің қандай ерекшелігін білесіңдер?

Тәрбиеші балалардың жұмысына талдау жасайды.

Балалар салған суреттерін

бәрі бірге бағалайды.

Күтілетін нәтиже: Сурет салуда саусақ бұлшық еттерін дамыды. Қызығушылығы артады.

Күні: 13.01.20

Тақырыбы: «Жасыл шырша»

Мақсаты: Балаларды жаңа жылдық шыршаны балауыз шаммен салуды оны акварель бояуымен салуды үйрету.

Әдіс-тәсіл: көрсету, түсіндіру.

Көрнекіліктер: тақырыптық сурет

Ұйымдастыру: Аппак, аппак жапалақтап,

Қар жауады тынбастан.

Қалың орман, қар жамылған,

Маужырайды түңгі аспан.

Балалар терезеден далаға қарандаршы. Даладағы ағаштардың бәрін қар жауып қалған. Қыста ауа – райы суық, аяз болады. Орманды да аппак қар жауып қалалды, орманда ақ қардың бетінде аңдардың ізі қалады

Балалар сендерге ақ ұлпа қарлар ұнайды ма?

Ормандағы шыршаны аппак қар жапқан көрініс ұнайды ма?

Олай болса сурет дәптерде ормандағы шыршалардың суреті берілген, сол суретті тіс пастасымен ақ қардың суретін саламыз.

Мақта оралған таяқшаның көмегімен тіс пастасын алып, шыршаның төбесіне бояндар. Қар жамылған бейнесін бейнелеңдер. Сүйкеп жағу арқылы жағады.

Негізгі көрініс аясын көкшіл түспен бояуға болады.

Сергіту сәті:

Ақ көрпесін жапты да,

Аяз кенет аптыға,

Айналаны үрледі,

Ақ бораны гуледі.

Қортынды: сұрақ-жауап.

Күтілетін нәтиже: Қыста ағаштардың қар жамылатынын, қардың ағаштарға пайдасын.

Қыста ағаштың жапырақтары болмайтынын.

Мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу арқылы қардың суретін

Күні: 20.01.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: Менің көлігім

Мақсаты: Балаларға өздеріне ұнайтын көліктері туралы әңгімелете отырып, түстерді үйлестіре пайдаланып көліктің бейнесін салу дағдылыларын жетілдіру.

Әдіс – тәсілі: ширату,

Көрнекі құралдыр:

Қажетті – құралдар: Қоңыр түсті гуаш, картоп бастырмасы, сүрткіш, ақ парак,

Ұйымдастыру бөлімі:

Ширату:

Асапан ашық,көгілдір

Күн шуағын төгіп тұр!

Қол ұстасқан біздерді,

Тереземнен көріп тұр.

Мен жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар.

Төбесінде ебелек, Ұшады ол керемет. (Тікұшак) Табанында жолы бар, Төбесінде қолы бар.

(Трамвай) Арқасында ауыл жүр, Ала тайым шауып жүр. (Автобус)

Балалар бүгін тақырып не туралы болатынын түсінген шығарсыңдар. Балалар адамдарға көлік не үшін қажет? Көліктің қандай түрлерін білесіңдер?

Жарайсыңдар балалар!

Сергіту : Музыка әуенімен мәшиненің рулін айналдырып билеу.

Балалар өздеріңе ұнаған көлік түрінің суретін саламыз.

Жұмыс істеу технологиясы.

Қорытынды: балалар өз ойларымен бөлісті. Жарайсыңдар балалар!

Нәтижесінде : Балалар картоп бастырмасымен аюдың ізін сала біді.

Олар өте қызыға жұмыс істеді.

Күні: 27.01.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «**Бояулар құпиясы**»

Тақырыбы: «Маймақ, маң-маң басады» мөр басу.

Мақсаты: Аюдың ізін дәстүрден тыс көкөніс бастырмасы арқылы үлкен және кіші дақ түсіру арқылы салуға үйрету.

Әдіс – тәсілі: сұрақ – жауап,миға шабуыл,сергіту, дәстүрден тыс технологиясы.

Көрнекі құралдыр:Аюдың,,іздің суреттері.

Қажетті – құралдар: Қоңыр түсті гуаш, картоп бастырмасы, сүрткіш, ақ парақ,

Ұйымдастыру бөлімі:

- балалар қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс мезгілінің ауа райын сипаттап беріндерші.
- Әрқайсың бір сөйлемнен айтындар.

Мен жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар.

Үстінен тоны түспеген,

Сонда да араз қыспенен. (Аю)

Балалар бүгін тақырып не туралы болатынын түсінген шығарсыңдар.

Ия балалар аю қыс мезгілінде ұйықтағанды ұнатады. Балалар аю не жейді қане ойланайық. Ол жабайы жануарға жатады.Жарайсыңдар балалар!

Сергіту : Аю , аю тұршы

Видео ролик арқылы.

Балалар сендер аюдың ізі қандай болатынын білесіңдер ме?

Суретке қарйаық.Ендеше балалар мен сендерге аюдың ізін дәстүрден тыс тәсілмен ,яғни картоппен салуды ұсынамын.

Жұмыс істеу технологиясы. Мен алдын ала сендерге дайындаған картоп бастырмасын қарап алыңдар.

1. Құралдың жеткілікті екенін тексеріп алайық
2. Қағадың астыңғы бөлігін қарап алып, картоп бастырмасын бояға батырамыз.
3. Оны құлыпты етіп ағызбай,айналасына шашыратпа апарып қағаздығ асытңғы бөлігінен жоғарғы бөлікке дейін кемдегенде 3 табан ізін орналастырамыз.

Қорытынды: балалар өз ойларымен бөлісті. Жарайсыңдар балалар!

Нәтижесінде : Балалар картоп бастырмасымен аюдың ізін сала біді.

Олар өте қызыға жұмыс істеді.

Күні: 03.02.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: «Күнге көмек берейік.»

Мақсаты: Жаттығуларды дұрыс жасауға баулу. Алақан тәсілі арқылы күннің бейнесін салуды үйрету. Дәстүрден тыс сурет салу тәсілдерін меңгерту.

Әдіс – тәсілі: Ширату.Топтастыру, сұрақ – жауап,миға шабуыл,сергіту, дәстүрден тыс технологиясы.

Көрнекі құралдыр: Күннің суреті.

Қажетті – құралдар: сары түсті акварель бояуы, сүрткіш, ватман қағазы,

Ұйымдастыру бөлімі:

Ширату

Бақыт деген-

Осы шаттық шеңбері

Қол ұстасып

Тұрайықшы , кел бері.

Бақыт деген-

Көрмей қалса сағынып,

Мені іздейтін

Адал жүрек сендегі.

Мен жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар.

Ақ сандығым ашылды ,

ішіне шуақ шашылды.

Бұл не балалар! (күн)

Күннің айналып тұрған бейнесін көрсету.

Балалар бүгін тақырып не туралы болатынын түсінген шығарсыңдар.

Ия балалар күн деген не ол қалай түсінесіңдер?

балаларға күн туралы ақпарат беру.

-Күннің түсі қандай болады?

-Оның пішіні қандай?

Сергіту сәті:

Ал,балалар тұрамыз,

Айналаны шоламыз.

Жауқазындай жайқалып,

Бәйшешектей иіліп,

Сәл тынығып аламыз.

Біз гүлдерше өсеміз,

Күні: 03.02.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: «Күнге көмек берейік.»

Мақсаты: Жаттығуларды дұрыс жасауға баулу. Алақан тәсілі арқылы күннің бейнесін салуды үйрету. Дәстүрден тыс сурет салу тәсілдерін меңгерту.

Әдіс – тәсілі: Ширату.Топтастыру, сұрақ – жауап,миға шабуыл,сергіту, дәстүрден тыс технологиясы.

Көрнекі құралдыр: Күннің суреті.

Қажетті – құралдар: сары түсті акварель бояуы, сүрткіш, ватман қағазы,

Ұйымдастыру бөлімі:

Ширату

Бақыт деген-

Осы шаттық шеңбері

Қол ұстасып

Тұрайықшы , кел бері.

Бақыт деген-

Көрмей қалса сағынып,

Мені іздейтін

Адал жүрек сендегі.

Мен жұмбақ жасырамын мұқият тыңдаңдар.

Ақ сандығым ашылды ,

ішіне шуақ шашылды.

Бұл не балалар! (күн)

Күннің айналып тұрған бейнесін көрсету.

Балалар бүгін тақырып не туралы болатынын түсінген шығарсыңдар.

Ия балалар күн деген не ол қалай түсінесіңдер?

балаларға күн туралы ақпарат беру.

-Күннің түсі қандай болады?

-Оның пішіні қандай?

Сергіту сәті:

Ал,балалар тұрамыз,

Айналаны шоламыз.

Жауқазындай жайқалып,

Бәйшешектей иіліп,

Сәл тынығып аламыз.

Біз гүлдерше өсеміз,

Күні: 10.02.2021ж

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы: Дәруменді алма

(дәстүрден тыс тәсілі)

Мақсаты: Балаларға алма туралы түсінік бере отырып, алманы бастырма арқылы салғызу. Сурет салуға деген қызығушылықтарын арттыру.

Әдіс – тәсілі: Ертегі оқу. Жалғастырмақ ,миға шабуыл,сергіту, дәстүрден тыс технологиясы.

Көрнекі құралдыр: Алманың бейнесі.

Қажетті – құралдар: екіге бөлінген алма , қызыл немесе сары түсті бояу.майлық.

Ұйымдастыру бөлімі:

Балаларға «Қызыл алма ертегісін» оқу

Ертегі мазмұнын түсіндіру, және балалардан кері сұрау.

Жалғастырмақ арқылы балалардан ертегі мазмұнын қайта сұрау.

Жұмбақ жасыру.

Әрі қызыл, әрі тәтті,

Татқан жанды таңырқатты. (Алма)

Алам туралы ақпарат беру.

Рухани жаңғыру. Қазақстандағы импорт алмасы туралы әңгімелеу.

Сергіту сәті:

Оңға, оңға түзу тұр,

Солға, солға түзу тұр.

Артқа қарай бір адым

Алдыңға қарай бір адым

Жоғары төмен қарайық

Орнымызды табайық.

Жұмыс істеу технологиясы.Балалар біздер бүгін алма бастырмасымен алманың бейнесін салатын боламыз.

екіге бөлінген Алманың бір жақ бөлігін алып , оны қызыл түске батырып, қағазбетіне бастырамыз.

Бізде алма пайда болады.

Қорытынды: балалардың жұмысын бақылау. Жеке жұмысты қажет ететін балалармен жұмыс жүргізу. Балаларды мадақтау.

Нәтижесінде : Балалар алма бастырмасымен алманың бейнесін сала білді.

Жапырағы жайқалған.
Сабақтары салалы,
Желге ырғалып шайқалған.

Балаларды топтастыру: Екі торқа бөлу.

Жұмыс істеу технологиясы. Балалар ватман бетіне алдымен күннің дөңгелек пішіні сары түсті бояумен саламыз. Кезектесіп бояу керек.

Содан алақандарыңды сары түске батыра отырып айналасына күннің шапағын саламыз.

Балалардың ұқыпты жұмыс істеуін қадағалау..

Қорытынды: балалар өз әсерлерімен бөліседі.

Нәтижесінде : Балалар алақан әдісі арқылы күннің бейнесін сала білді.

Күні: 17.02.2021ж

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Бояулар құпиясы»

Тақырыбы Аққала қонақа келді

Дәстүрден тыс тәсілі

Мақсаты: Балаларға аққаланы тұзбен салуды үйрету. Тұзды шашыратпай пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

Әдіс – тәсілі: ширату.шығармашылық ойын. Дәстүрден тыс технологиясы.

Көрнекі құралдыр: Аққаланың суреті, дымқыл шүбрек, желім, тұз.көк түсті бетшелер.

Қажетті – құралдар: екіге бөлінген алма , қызыл немесе сары түсті бояу.

Ұйымдастыру бөлімі:

Ширату.

Қайырлы таң, қайырлы күн

Қайырлы таң, қайырлы күн.

Кәне, кәне тұрайық,

Үлкен шеңбер құрайық.

Тұрсақ егер шеңберге,

Алақанды ұрайық

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қыс мезгіліндегі айларды атайықшы ?

Ақпан соңғы ай.

Аптаның нешінші күні?

Шығармашылық ойын

Картотека №6 «Пейзажды құрастыр» дидактикалық ойын

Мақсаты: Пейзаж құрастыруда композиция сезімін, қоршаған табиғат құбылыстары туралы білімді дамыту

Ол үшін дидактикалық ойынды қолдану ыңғайлы.

Ойынның мақсаты: композициялық ойлау дағдыларын қалыптастыру, табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдері және «пейзаж» ұғымы туралы білімдерін бекіту, байқағыштық пен есте сақтау қабілетін дамыту.

Жолаушылар яғни адамдар әр түрлі себептермен бір жерден екінші жерге қатынайды. Біреулер туыстарына барса, енді біреулері сауда жасау үшін бір қаладан екінші қалаға барады. Алыс ауылдар мен қалалар арасында жолаушылар таситын көліктерге, машиналарға мінеді. Машиналар өздеріне керекті жерлеріне тас жолдармен апарады. Қалада көлік түрлері өте көп.

Күтілетін нәтиже:- сөз бен дыбыстың ерекшеліктері жөнінде түсінік алды

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 11.12.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Дыбыс ерекшеліктері» (дидактикалық ойын)

Мақсаты: Балаларға қазақ тіліндегі әр дыбыстың айтылуы ерекшеліктері жөнінде түсінік беру.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойын, әңгімелесу..

Көрнекі құралдыр: мнемо кесте суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі

Шаттық шеңбері:

Жылы-жылы жүзбенен

Күлімдейін қарайын

Жылы-жылы жүзбенен

Жүрегімді сыйлайын.

Амандасып өзіңмен

Құшақтасып алайын .

Балаларға электронды қалам арқылы әріптреті қайталатып, айтқызу. Әр дыбыстың өзіндік дыбысталуы болады. Мысалы А дыбысын айтқанда ол жуан естіледі. Созынқы айтылады. М дыбысы қысқа қайырылып екі ерінің бір біріне тию арқылы дыбысталады.

С дыбысы тез айтылып екі тістің бір біріне тиюенен тілдің тіске тірелуінен пайда болады.

Т 6

Картотека №17

«Сөйлемді жалғастыр»

Мақсаты: балаларды берілген тапсырманы мұқият тындап орынауға, сөйлемді жалғастыра білуге, сөйлемнің неше сөзден құралғанын айтуға үйретіп, тапқырлыққа баулу.

Мысалы: Бақшада ойыншықтар.... . Менің үйде.... . Мен бақшаға.... .

Ойынды тапқырлыққа байланысты өзгертіп отырып өткізуге болады. Сөйлемді балалар өздері бастап, өздері аяқтайды. Ойын соңында бір сөйлемнің неше сөзден тұратынын талдайды.

Қорытындылау: балаларды мадақтау.

Нәтижесінде: Балалар әр әріптің дыбысталуын біледі.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 18.12.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сикырлы әріптер»

Тақырыбы: «Үздік сызықтарды түзу етіп қос»

Мақсаты: Балалар қолдарын оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сыза білуге үйрету

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, сұрақ жауап, ой қозғау, сергіту сәті.

Көрнекі құралдыр: мнемо кесте суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі

Шаттық шеңбері:

Достар бірге жүреміз
Бірге ойнап күлеміз
Бірге балық аулаймыз
Міне біздер қандаймыз

Балларға тапсырмалар беру
Түзу сызықтарды қос
Бір бағытта сыз

Сергіту сәті:

Картотека № 23

Сабындадық құлақты, атқан шақта жаңа күн, (Құлақтарын жуған сияқты көрсетіп, қолдарын жоғары көтереді)

Міне, қандай қолымыз, міне қандай алақан. (Алақандарымен шапалақтап)

Соқтық, міне, алақан, аяғымыз билейді. (аяқтарымен билейді)

Қуанғанда алақан алақанға тимейді. (Білекті бір-біріне қосып, шапалақтайды)

Балаларға өткен әріптерін қайталату. Сөздерге дыбыстық талдау жасату.

Қорытындылау: Балалар бүгін қандай тапсырмалар орындадық
Жарайсындар балалар!

Нәтижесінде: Балалар сызықтарды түрлі бағытта сызуды меңгерді.

Күні: 25.12.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Алфавиттік жұмбақтар шешу»


Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттыру

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: суреттер, ребус

Ұйымдастыру бөлімі.

Тапсырма. Суретті сөзжұмбақты шеш



Үйге тапсырма: Жаттап келу

Вокзал іші кең сарай,

Вагон кетті тоқтамай.

Волгаменен жарысты,

Велосипедші Вова ағай.

Күні: 8.01.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Кеспе әріптерден сөз ойла»

Мақсаты: Балаларды шығармашылықпен жұмыс жасатуға үйрету.


Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: суреттер

Ұйымдастыру бөлімі. Әріптерді әдемі етіп боя.

"Р"	көк түспен	"Б"	жасыл түспен	"Л"	қара көк түспен
"В"	қызыл түспен	"Ф"	сәбіз түспен	"Н"	сары түспен
"О"	жай қаламмен	"Г"	күлгін түспен	"К"	өз қалауыңмен боя

Сәттілік!



Үйге тапсырма: Жаттап келу

Цирк келіп ауылға,
Балаларды қуантты.
Билет сатып алуға,
Жібердім мен де Қуатты.

Чемоданын аркалап,
Гена кетіп барады.
Чебурашка мұнайып,
Артынан ұзақ қарады

Күтілетін нәтиже: Балалар шығармашылықпен жұмыс жасауға үйренеді.

Күні: 15.01.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Сөз арасындағы дыбыстардың орнын тап»

Мақсаты: Дыбыстың орнын ойлана отырып, өзі таба білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: буындық тапсырмалар

Ұйымдастыру бөлімі. Жұмбақтың шешуін тап.

Тіс кірлесе тазартар,

Киімнің кірін тазартар,

Бәтеңкеңді жаңартар,

Бұл не? _____

2- тапсырма. Буындық тапсырмаларды шешеміз:

1) Үлгі: 1+3+4: аспан+кітапхана=ас+ха+на

2) 2+3: әнші+сенбілік = _____

3) 1+2: Аса+ жолаушы = _____

4) 1+2: арқан+қақпа = _____

5) 1+1: кілем+тапқыр = _____

6) 1+1: көктем+жалқау = _____

7) 1+3: тұман+санамақ = _____

8) 2+2+2: дәптер+егеу+көрші = _____

Цирк

Цирк деген керемет көрсетілім. Көрсетілімге балалар да үлкендер де қызығып қарайды. Сайқымазақтар көңіл- күйді көтреді. Онымен сиқыршылар да адамды таңғалдырады. Циркте сайқымазақтар мен сиқыршылар ғана көрсетілім көрсетпейді. Олармен қоса жануарлар да әр түрлі керемет нәрселерді көрсетеді.

Күтілетін нәтиже: Дыбыстарды ажырата алады, әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 22.01.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент «Сызырлы әріптер»

Тақырыбы: «Сөйлем» (Өліпке дәптер)

Мақсаты: Суретке қарап, сызбаға сәйкес сөйлем құрастыруға үйрету.

Әдіс – тәсіл: шаттық шеңбері, мнемо кесте әдісі.

Көрнекі құралдар: мнемо кесте суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі

Шаттық шеңбері:

Картотека № 2

Ал канекей тұрайық

Шеңберді біз құрайық.

Аспаптарды алайық

біз оркестір құрайық.

«

Сөйлемді толықтыру» дидактикалық ойын.

Шарты: тәрбиеші бірнеше сөйлемнің басын оқиды. Балалар аяқталмаған сөйлемді аяқтайды.

1. Өзімнен үлкен бауырым-.. (аға)

2. Қыз құлағындағы әшекей- (сырға)

3. Атам ат- (тағалады)

Тіл ұстарту жаттығуы:

Ға-ға-ға

Атқа тақты таға.

Дәптермен жұмыс.

Торғай, ғарыш, қарға сөздеріне дыбыстық талдау жасату арқылы ғ дыбысының сөздегі орны мысалмен түсіндіріледі. Сурет бойынша сөйлем құрастыртып ғ дыбысына байланысты сөздерге талдау жасатылады.

Күтілетін нәтиже: Суретке қарап, сызбаға сәйкес сөйлем құрастыруды, дыбыстық талдау жасауды, сөйлемді толықтруды меңгерді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 29.01.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Бұл үйде кім тұады» (дидактикалық ойын)

Мақсаты: Жасырынып қалған сөздерді табуға үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, мнемо кесте әдісі.

Көрнекі құралдыр: мнемо кесте суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі

Ширату:

Достарымның барлығын,

Сыйлап, жақсы көремін.

Алақаным арқылы

Жылуымды беремін.

Балалар қазір жылдың қай мезгілі?

Қане суретке карап мнемокесте бойынша әңгімелеп берейікші!

Балаларға ойын ойнауды ұсыну.

«Кім не жейді?»

Мақсаты: Логикалық ойлауды,сөйлеуді,талғамды,байланыс құруды және түсіндіре білуді дамыту

Құрал : Люлия шеңбері

Ойын «Бұл үйде кім тұрады»

Мақсаты : балалардың қызығушылықтарын арттыру. Сірінкені ашып кімнің үйі екенін анықтап ,жасырынған заттың атауын , яғни сөзді дұрыс айтуға дағдыландыру.

Қорытындылау

Балаларды мадақтау. Оқу қызметі несімен ұнағанын білу. Қай сұраққа жауап беру қиян боланын сұрау.

Нәтижесінде: Балалар жасырынған сөздерді тауып, оларды дұрыс айта білді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 5.02.2021ж

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Жер, су, ауа, және от» (дидактикалық ойын)

Мақсаты: Балаларға өтілген дыбыстарды қайталап, алған білімдерін пысықтау.

Әдіс – тәсілі: Ғажайып сәт, ойын,сергіту

Көрнекі құралдыр: әріптер. Қорап,

Ұйымдастыру бөлімі

Тосын сый:

Балалардың назарын қорапқа аудару. Бізге қорап тастап кетіпті.

Қане қарайық оның ішінде не бар екен?

Ішінде әріптер бар екен.

Бұл әріпті ата ,оған дыбыстық талдау жаса. бейнеленген суретке сөйлем құрастыр.

Жарайсыңдар балалар!

«Жер, су, ауа, және от» (дидактикалық ойын)

Балалар берілген суреттерді арнайы жасалған жердің , судың, ауаның бейнеленген суреттерін қорапқа салады.

Қай әріп жоғалды? Ойын жаттығуы

Тактаға әріптерді ілу. Балаларға көздерін жұмуды тапсыру. Тактадағы бір әріпті жасыру арқылы, балалардан қай әріп жоғалғанын сұрау.

Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру. Шапшаңдыққа, аңғарымпаздыққа баулу.

Жарайсыңдар балалар!

Сергіту сәті

Қорытындылау

Балаларды мадақтау. Оқу қызметі несімен ұнағанын білу. Қай сұраққа жауап беру қиян боланын сұрау.

Нәтижесінде: Балалар жасырынған әріптерді тауып, оларды дұрыс айтып, дыбыстық талдау жасай білді.

Күні: 12.02.2021ж

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Үздік сызықтарды түзу етіп қос»(Өліппе дәптер)

Мақсаты: Балаларды қаламдарын оң қолдарына ұстап түзу сызықтар сыза білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: ширату, ойын, сергіту сәті.

Көрнекі құралдыр: Тақырыпқа сай суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі

Ширату:

Армысың, шұғылалы нұрлы күн!

Армысың қасиетті Жер – ана!

Армысыңдар менің достарым.

- Күніміз жарқын болсын!

- Аспанымыз ашық болсын!

- Деніміз сау болсын!

- Күніміз сәтті болсын!

Картотека №10

Танып ал да, атын ата

Мақсаты: заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру; сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту.

Қажетті құралдар: әр түрлі ойыншықтар немесе суреттер.

Ойын барысы: Балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады.

Үздік сызықтарды түзу етіп қос. бетшелер тарату

Сергіту сәті. Видео таспадан.

Қорытындылау

Балаларды мадақтау.

Нәтижесінде: Балалар үздік сызықтарды түзу етіп қосуды меңгерді.

Күні: 19.02.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сықырлы әріптер»

Тақырыбы: «Өрнекті аяқта» дидактикалық ойын


Мақсаты: Балаларды берілген үлгіге қарай отырып, түрлі бейнелер сыза білуге дағдыландыру

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау


Көрнекі құралдар: штрихтау суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі. 1- тапсырма

2- тапсырма



3-тапсырма



Күтілетін нәтиже: әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;

-грамматикалық тапсырмаларды орындай алуға машықтанады;

-шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді.

Күні: 26.02.2021ж

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Бұл үйде кім тұады» (дидактикалық ойын)

Мақсаты: Жасырынып қалған сөздерді табуға үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, мнемo кесте әдісі.

Көрнекі құралдыр: мнемo кесте суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі

Шпирату: Қолға қалам алайық

Салақтықтан қашайық

Бүгінгі өткен әріпті

Көркем етіп жазайық

1- тапсырма. Сұрақтарға жауап бер

1) Суретте қандай мезгілдер берілген? Саған қай мезгіл ұнайды? Астын сызып белгіле.

2) Суреттегі барлық затардың атын жаз



2- тапсырма. Өлеңнің ұйқасын тап

Көбелек

Ақ көбелек

Аппақ гүлге

Көк көбелек

Көкшіл гүлге.....

3-тапсырма. Суретке қарап әңгіме құра. Заттың атын білдіретін сөздердің астын сыз



Қорытындылау

Балаларды мадақтау. Оқу қызметі несімен ұнағанын білу. Қай сұраққа жауап беру қиян боланын сұрау.

Нәтижесінде: Балалар жасырынған сөздерді тауып, оларды дұрыс айта білді.

Күні: 5.03.2021ж

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Дыбыстардың айтылу ерекшеліктеріне қарай топта»

Мақсаты: Айтылған дыбыстардың ерекшеліктерін қызыл, көк текше арқылы айыра білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: ширату, мнемо кесте әдісі.

Көрнекі құралдыр: мнемо кесте суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі

Ширату:

Күнмен бірге тұрамыз ,

Құспен бірге ән саламыз

Қайырлы таң! Ашық күн!

Көңілді біз баламыз.

Балаларға өткен әріптерді қайталау. Әріптердің дыбысталуын сұрау.
Дыбыстардың айтылу ерекшеліктеріне қарай қызыл және көк түспен белгілету.

Тақтамен жұмыс.

Ойын «жоғалаған әріптер»

Мақсаты. Балаларды шапшаңдыққа , аңғарымпаздыққа баулу.

Сергіту сәті:

Қорытындылау

Балаларды мадақтау. Оқу қызметі несімен ұнағанын білу. Қай сұраққа жауап беру қиян боланын сұрау.

Нәтижесінде: Балалар жасырынған сөздерді тауып, оларды дұрыс айта білді.

Күні: 12.03.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Сөйлем құрайық» әліппе дәптер

Мақсаты: Балаларға өтілген дыбыстардан кубикарқылы буын жазғызу.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: буындық тапсырмалар

Ұйымдастыру бөлімі.

1. Буын жалғасын тап.

Ал-

Ар-

Ай

2. Сөздік диктант орындау.

Нан, ана, ар-на, аң, таң, на, ан

3. Дыбыстардың кіші әрпін жаз.

А Ә П Р Н Д Б

4. А әрпінен келетін сөздерді жаз.

5. Н әрпінен келетін сөздерді жаз.

Күтілетін нәтиже: Өз бетімен жұмыс жасау барысында белсенділік танытады; еркін сөйлейді.

Күні: 19.03.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Көркем жаза білейік» әліппе дәптер


Мақсаты: Балаларды жазу дәптерлеріне жолды дұрыс сақтай отырып, жаза білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау


Көрнекі құралдар: суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі. 1- тапсырма

2- тапсырма



3-тапсырма. Суретті ары қарай жалғастыр



Күтілетін нәтиже: -әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыланады;

-әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;

-грамматикалық тапсырмаларды орындай алуға машықтанады;

-шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді.

-сауатты жазу дағдылары қалыптасады;

Күні: 26.03.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Тізбекті жалғастыр» әліппе дәптер


Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру арқылы тізбекті жалғастыра білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: буындық тапсырмалар

Ұйымдастыру бөлімі. 1- тапсырма

2- тапсырма. Суретті ары қарай жалғастыр



3-тапсырма. Торғайларды әр түрлі түспен боя



Күтілетін нәтиже: Өз бетімен жұмыс жасау барысында белсенділік танытады; еркін сөйлейді.

Күні: 9.04.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Нүктелерді бастырып жаз» әліппе дәптер

Мақсаты: Балаларды нүктелерді бастырып жазуға үйрету.


Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: суреттер, үлестірімелі материалдар, әліппе дәптер


Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу, . балалардың назарын сабаққа аудару.

1- тапсырма

2- тапсырма. Суретті жалғастыр



3-тапсырма. Үлгіге қарап жалғастыр



Күтілетін нәтиже: Өз бетімен жұмыс жасау барысында белсенділік танытады; еркін сөйлейді.

Күні: 16.04.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Суреттерді штрихта» әліппе дәптер

Мақсаты: Үзік сызықтар арқылы штрихтар сыза білуге үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау


Көрнекі құралдар: суреттер, үлестірмелі материалдар, әліппе дәптер

Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу, . балалардың назарын сабаққа аудару.




1- тапсырма

2- тапсырма. Суретті жалғастыр



3-тапсырма. Үлгіге қарап жалғастыр



Күтілетін нәтиже: Өз бетімен жұмыс жасау барысында белсенділік танытады; еркін сөйлейді.

Күні: 23.04.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Үзік сызықтарды бастырып шық» әліппе дәптер

Мақсаты: Балаларға қаламдарын оң қолға ұстап үзік сызықтарды бастыруға үйрету.


Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: суреттер, үлестірімелі материалдар, әліппе дәптер

Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу, балалардың назарын сабаққа аудару.

1- тапсырма

2- тапсырма



3-тапсырма. Суретке қарап әңгімелендер



Күтілетін нәтиже: Балалар қаламдарын оң қолға ұстап үзік сызықтарды бастыруға үйренді.

Күні: 30.04.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Кел жазайық» әліппе дәптер

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін дамытып, шығармашлық белсенділікпен жұмыс жасауға баулу.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: суреттер, үлестірмелі материалдар, әліппе дәптер

Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу, балалардың назарын сабаққа аудару.

1-тапсырма. Л, Р әріптерін көркем жаз

Есіңде сақта!

Л-дауыссыз, үнді дыбыс

Р- дауыссыз, үнді дыбыс

2- тапсырма. Жұмбақтың шешуін тап

Баратыным — қыр.

Қонатыным — гүл.

Теретінім — нәр.

Беретінім — бал. Жауабы: _____

Келе гойшы, лағым,

Селтендейді құлағың.

Су ішіп ал, кәнеки,

Сені күтіп тұрамын.

3-тапсырма. Боя



Күтілетін нәтиже: Балалардың ойлау қабілеттерін дамып, шығармашлық белсенділіктері, артып, жұмыс жасады...

Күні: 14.05.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Өтілген дыбыстарды жаза білейік» әліппе дәптер

Мақсаты: Балаларға өтілген дыбыстарды таспа түрінде жазуға үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: суреттер, үлестірмелі материалдар, әліппе дәптер

Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу, балалардың назарын сабаққа аудару.

1- тапсырма. О, Т әріптерін көркем жаз

Есіңде сақта!

О -дауысты, жуан дыбыс

Т- дауыссыз, қатаң дыбыс

2- тапсырма. "Жұбын тап" ойыны



Боя



3-тапсырма. Орман аңдары мен құстары туралы ауызша әңгімеле



Есте сақтау жаттығуы

Т кәдімгі телеграф бағаны,

Кейде оған ұқсатасың балғаны.

Т дыбысына сөздер айтып жарысу.

Ожау, оймақ, орамал, *Торғай, торғай, торғайсың.*

Орынкүлге сыйладым. *Таяу келіп қонғайсың.*

Орақпенен шөп орып, *Жем шашайын тойып ал,*

Отын, ағаш жинадым. *Сонда аязға тоңбайсың.*

Күтілетін нәтиже: Балалар өтілген дыбыстарды таспа түрінде жазуға үйренеді

Күні: 21.05.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сықырлы әріптер»

Тақырыбы: «Кел, оқиық» әліппе дәптер

Мақсаты: Балаларды көбелекке гүлзарға жету үшін буындарды қосып оқуға үйрету.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: суреттер, үлестірмелі материалдар, әліппе дәптер

Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу, балалардың назарын сабаққа аудару.

1- тапсырма. “Қалалар” ойыны

қар – Қарағанды

ас – _____


алма – _____

тау – _____

рау – _____

кент – _____

2- тапсырма. Дүкенде нелер бар?



3-тапсырма. Алма сөзін - қызыл, шие сөзін- қара қоңыр, көл-көк, гүл-күлгін, маусым-жасыл, шілде-қызыл-сары, тамыз-сары, қарбыз-жасыл түспен боя.

2 Сөздерді тап: алма, өрік, шие, көл, гүл, маусым, шілде, тамыз, қарбыз

А	П	Р	О	Л	М	Т	Д	Ж
Ө	М	Ш	И	Е	А	А	П	Г
Р	И	Ф	Ы	В	У	М	А	Ү
І	Т	Ң	Ц	У	С	Ы	Р	Л
К	Қ	А	Р	Б	Ы	З	О	Х
И	Б	Ғ	К	Е	М	Ш	Л	Щ
Ф	Ю	И	М	Ф	Я	А	Д	О
Я	Я	К	И	Ш	І	Л	Д	Е
Ы	Ч	Ө	Т	Ы	Ч	М	Ж	Э
К	Ө	Л	Б	В	С	А	Ө	Қ

Күтілетін нәтиже: -әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;

-шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді.

Күні: 28.05.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Сиқырлы әріптер»

Тақырыбы: «Сауат ашу еліне саяхат» әліппе дәптер


Мақсаты: Балалардың жыл бойы алған білімдерінің сапасына көз жеткізу. Өтілген дыбыстарды қайталау, дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажырату. Олардың сөздік қорын байыту, түрлі сөздік ойындар арқылы байланыстырып сөйлеу қабілеттерін арттыру.

Әдіс – тәсілі: шаттық шеңбері, ойындар, ой қозғау, смайликпен бағалау

Көрнекі құралдар: суреттер, үлестірмелі материалдар, әліппе дәптер

Ұйымдастыру бөлімі. Сәлемдесу, балалардың назарын сабаққа аудару.

1- тапсырма. «Мақта қыз бен мысық» ертегісінде мысықтың жүрген жолын ретімен жаз



2- тапсырма. «Менің досым» тақырыбына эссе жаз

Сергіту сәті

Сыныбымыз тап - таза

Борда дайын тақтада

Денемізді жинақтап

Отырайық партаға

3-тапсырма. Әр топтағы сөздерді орнына қойып жаз

1) Атты, тағала, Марат.

2) Қанатта, бар, шана.

3) Бардық, тауга, біз.

4) Сандық, жасалады, ағаштан.

Әр топтағы артық сөзді тап

Тәтті, кетті, батты, бітті, сатты.

Арық, тентек, жеңіл, күшті, ашу.

Тар, бақытты, гүл, өнерлі, ұзын, ақылды.


Күтілетін нәтиже: -әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;

-шығармашылық тапсырмаларды орындап үйренеді. ,

-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады

Тексерілді:

«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасының
әдіскері

А.Т. Уразмуханбетова 

Бекітемін:

№1 педагогикалық кеңес шешімімен
«Қызғалдақ» бөбекжай бақшасының
директоры

М.Н. Утепова



2020ж

«Құлыншақ» мектепалды даярлық тобының 2020 – 2021 оқу жылындағы «Ойнада ойлан»
тақырыбындағы вариативті компоненттің жоспары

Тәрбиешілері: Құсанова.Р
Аяпбергенова Р

2020 - 2021 оқу жылы

Түсінік хат

Мақсаты:

- Математикалық байланыстар мен байланыстылық туралы түсінік қалыптастыру.
- Балаларды көрнекті-бейнелі ойлауын жаңа деңгейге көтеруге, олардың жалпы ойлау қызметін дамыту.
- Көзбен көріп, іштей есептеуге үйренеді, олардың көз мөлшер, пішінді шамалау жылдамдығын арттыру.

Міндеттері:

- Меңгерулеріне лайықты жаттығулар, өздігінен орындайтын тапсырмалар, практикалық жұмыстар, логикалық ойын дамытатын, баланы жазуға жаттықтыратын, шығармашылық қабілетін оятып, пәнге қызығушылығын арттыратын жаттығулар жүйесі алма-кезек, әр түрлі деңгейде беріліп жүзеге асырылып отырылады.

Күтілетін нәтиже:

- Заттардың қасиеттері туралы түсініктері қалыптасады. Балалар заттарды салыстыра біледі. Реттік және есептік санауды жаттығады. Заттардың өлшем, материал секілді қасиеттерімен танысады. Заттардың үлкен және кіші санын анықтайды.
Заттарды топқа бөліп үйренеді. Ұқыпты жұмыс істеуге дағдыланады. Ойлау қабілеттері дамиды. Ой-қиялы, шығармашылығы дамиды.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің жалпы көлемі – **1 сағат.**

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің ұзақтығы **25-30 минут.**

Тақырыптық күнтізбелік жоспары

р/с	ҮОҚ саны	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны	Мерзімі
1	1 ✓	Заттар белгілері (түсі, пішіні, өлшемі, қызметі, материалы)	Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру;	1	7.09
2	2 ✓	Бірдей. Әртүрлі. Заттарды әртүрлі белгілер бойынша салыстыру. Геометриялық фигуралар туралы жалпы түсініктер (шеңбер, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тікбұрыш)	Заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру;	1	14.09
3	3 ✓	Заттардың белгілерінің өзгеруі.	Заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілер бойынша орын алғанын анықтау іскерлігін қалыптастыру;	1	21.09
4	4 ✓	Заттарды топқа біріктіру.	Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерлігін қалыптастыру.	1	28.09
5	5 ✓	Сол жақтан – оң жақтан.	Оң қол мен сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.	1	5.10
6	6 ✓	Уақыт реттілігін анықтау.	Уақыттық түсініктерді дамыту: оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.	1	12.10
7	7 ✓	Уақытта бағдарлау : тәулік (таң, күн, кеш, түн), апта күндері. Күн режимі.	Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.	1	19.10
8	8 ✓	Уақытты бағдарлау: айлар, жыл мезгілдері, жыл.	Жыл мезгілдерін, айларды ретімен атау іскерлігін дамыту.	1	26.10
9	9 ✓	Сызықтар. Түзу. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған сызық.	Сызықтарды қоршаған ортадан табу іскерлігін қалыптастыру.	1	2.11
10	10 ✓	Нүкте. Сәуле. Бұрыш. Кесінді.	«нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру.	1	9.11
11	11-12 ✓	Бір. Көп. Саны мен цифры. Жол. Баған.	Жиынтықтан жекеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту.	2	16.11 23.11
12	13 ✓	2 саны мен цифры.	2 санымен және цифрымен таныстыру.	1	7.12

13	14 ✓	3 саны мен цифры.	3 санымен және цифрымен таныстыру.	1	14.12
14	15 ✓	4 саны мен цифры.	4 санымен және цифрымен таныстыру.	1	21.12
15	16 ✓	Сандарды салыстыру.	Заттар жиынтықтары мен сандарды «<», «>», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.	1	28.12
16	17 ✓	Қосу. «+» белгісі.	«+» белгісімен таныстыру.	1	4.01
17	18 ✓	Азайту. «-» белгісі.	«-» азайту белгісімен таныстыру.	1	11.01
18	19 ✓	5 саны мен цифры.	5 санымен және цифрымен таныстыру.	1	18.01
19	20 ✓	1-5 сандары.	5-тің көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру.	1	25.01
20	21 ✓	6 саны мен цифры.	6 санымен және цифрымен таныстыру.	1	01.02
21	22-23 ✓	7 саны мен цифры.	7 санымен және цифрымен таныстыру.	2	8.02 15.02
22	24-25 ✓	8 саны мен цифры.	8 санымен және цифрымен таныстыру.	2	22.02 1.03
23	26-27 ✓	9 саны мен цифры.	9 санымен және цифрымен таныстыру.	2	8.03 15.03
24	28 ✓	0 саны мен цифры.	0 санымен және цифрымен, сандық қатардағы орнымен танысу.	1	22.03 29.03
25	29-30 ✓	10 саны мен цифры.	10 санымен және цифрымен таныстыру.	2	5.04 12.04
26	31-32 ✓	Теңгемен танысу.	Ұлттық валюта - теңге туралы жалпы мағлұмат беру. Балаларды түрлі монеталармен таныстыру.	2	19.04 26.04

27	33-34	Сағат.	Уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін қалыптастыру.	2	3.05 10.05
28	35-36	0-10 сандары.	Есептік және реттік санау дағдыларын бекіту.	2	17.05 24.05
Барлық сағат саны: 36					

Күні: 7.09.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент «Ойнада ойлан»

Тақырыбы:

Заттар белгілері(түсі, пішіні, өлшемі, қызметі, материалы).

Мақсаты: Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру.

Әдіс – тәсілі: сандар туралы видео көрсету, түсіндіру, санату

Көрнекі құралдыр: доп, заттардың суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі:

Сабакка біз даярмыз,

Жалқаулықты қоямыз,

Үздік оқып сабақты,

Кілең бестік аламыз

Бір, екі, үш

Топ іші тып-тыныш.

Жалқаулықты тастаймыз,

Сабақтыда бастаймыз

.Балалар біз бүгін математикамен танысамыз. Математикада сандар мен санаумен, түрлі пішінді заттарды айыра білуді, фигураларды сызуды, математикалық ойындар ойнауды үйренесіңдер.

Сергіту сәті:

«Бұл кім?», «Бұл не?» деп аталатын бойжазу жаттығуын жасаймыз.

Мен тапсырманы айтып, допты лақтырамын.

Сендер жауабын айтып допты кері лақтырасыңдар.

– Домалақ резенкеден жасалған, мұнымен ойнауға болады.

Ол доп.

Қызғылт түсті, айлакер өзі бір қу, орманда өмір сүреді.

Түлкі.

Жасыл түсті тікенегі бар, топырақта өседі.

Кактус гүлі.

Сұр түсті, кішкентай, інінде тығылып жатады. Ол тышқан.

Ақ түсті суық, қыста болады. Қар.

Қорытындылау

Балалардан сұрақ-жауап арқылы қортынды жасау.. Мадақтау.

Нәтижесінде: Заттардың белгілеріне қарап ажырата алады.

14.09.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Бірдей. Әртүрлі.

Сабақтың мақсаты: заттарды әртүрлі белгілері бойынша салыстыру, олардың қасиеттері мен айырмашылықтарын «бірдей», «әртүрлі» деген сөздерді қолдана отырып табу іскерлігін қалыптастыру; геометриялық фигуралар туралы түсініктерін анықтау және қалыптастыру.

Көрнекіліктер: доп, заттардың суреттері, геометриялық фигуралары бар карточкалар.

Ұйымдастыру: Балаларға терезеге карап, қазір жылдың қай мезгілі екенін айтуды сұрайды. Ал біздің суретімізде жапырақтар төгіліп жатыр. (Демонстрациялық материалдар) Осы жапырақтарды топтарға бөлуге көмектесіңдер. Өз нұсқаларыңды айтыңдар. Тәрбиеші өткен тақырыптарды жақсы меңгергені үшін балаларды мадақтайды және топтасып осыған ұқсас тапсырманы ұсынады. 3 топқа шеңбер, шаршы, үшбұрышты таратып, тапсырма береді. Содан соң балалар оларды үлкен және кішкентай топқа, сондай-ақ 3 түске жіктейді.

Балалардан осы жұмыс барысында қолданылған заттардың қалай аталатынын сұрайды. Тәрбиеші әр топтағы фигуралардың атын атап, оларды кезекпен көтеруді сұрайды.

Мысалы: шаршылар. Қолында шаршысы бар балалар фигураны көрсетеді. Содан соң балалардан фигураларды хатқалтаға салып, тапсыруды сұрайды.

Сергіту сәті.

Тәрбиеші:

Балалар бәріміз алаңға шықтық деп елестетейік.

Жүгіріңдер, секіріңдер.

Содан соң:

Балалар, енді дәптерлеріңді ашып,

1 – тапсырманы табыңдар. Біз қандай фигураларды кездестіреміз?

Олардың арасында үшбұрыш, шаршы, шеңбер бар ма? Үшбұрышты (дөңгелек, төртбұрышты) заттардың қай жерде тұрғанын тауып, сипаттап беріңдер. Содан кейін балаларды жаңа шартты белгі – пішінмен таныстарды. Бұл шарты белгінің заттың пішінін білдіретінін

Тәрбиеші сабақтарды қорыта отырып, балалардан бүгін қандай фигуралармен танысқанын сұрайды. Сол фигураларды тауып, суретті саусақпен салуды тапсырады.

Ауада қолмен белгілі бір фигураның суретін бейнелейді.

Еденде оң аяқпен, сол аяқпен фигуралардың суретін сызады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: шеңбер, үшбұрыш, шаршы, сопақша, төртбұрыш, сияқты фигуралардың атауларын;

Игереді: айналадағы заттардың пішіні қандай фигураға ұқсайтынын ажыртуды.

Менгереді: заттар мен фигуралардың үш белгісі – түсі, пішіні мен көлеміне қарай салыстыруды.

Күні: 21.09.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Заттардың белгілерінің өзгеруі

Мақсаты: Заттардың өзгерістерін көру және өзгерістердің қандай белгілері бойынша орын алғанын анықтау, іскерлігін анықтау

Әдіс – тәсілі: көрсету, түсіндіру, ойын, салыстыру

Көрнекі құралдар: тақырыпқа сай тапсырмалар, суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі:

Кел балалар тұрындар

Үлкен шеңбер құрындар.

Қолды белге қойындар

Оңға қарай бұрылып,

Солға қарай бұрылып,

Бір отырып, бір тұрып,

Тынығып бір калындар.

Балалар сендерге суреттен бесінші артық затты тауып, ал қалған заттарды бір сөзбен атау керек. Мысалы бірінші суретте кілт артық, ал қалған заттарды бір сөзбен ыдыс-аяқ деп атаймыз. Артық затты дөңгелектейміз.

Келесі тапсырмада доптарды түрлі тәсілмен орналастыру қажет. Түрлі –түсті қарындаштармен бояу арқылы орналастырамыз. Тапсырманы түсіндік пе? Ендеше жұмысты бастайық.

Келесі бетті ашайық. Бұл суретте суретші нені шатастырған? Кім айтады?

Ормандағы аюдын

Құлпынайы көп екен

Теріп-теріп алайық

Қалтамызға салайық

Келесі тапсырмаға назар аударайық. Суреттерді түрлі тәсілдермен орналастырамыз. Бірінші қатарда үй, балық, гүл тұрса, келесі қатарға балық..... және нелерді орналастыруға болады?

Күтілетін нәтиже: Заттардың өзгерістерін көреді және өзгерістердің қандай белгілері бойынша орын алғанын анықтай алады

Күні: 28.09.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Заттарды топтарға біріктіру.

Мақсаты: Заттарды топтарға біріктіру, оларды топтарға бөлу және берілген белгілері бойынша заттарды топтан ажырату іскерліктерін қалыптастыру.

Заттардың белгілерін анықтау іскерлігін тексеру.

Әдіс – тәсілі: көрсету, түсіндіру, санату

Көрнекі құралдыр: доп, заттардың суреттері.

Ұйымдастыру бөлімі:

Дастархан әзірлеу ойынын ойнаймыз. Дастархан мәзірін жиынтықтап айтамыз. Біздің қолымызда неше жеміс бар? Олар көппе, әлде бірнешеу ме? Жемістер тәтті ме әлде ащы ма? Көкөніс нешеу? Қарбыз нешеу?

Сергіту сәті:

Қоян-жұдырығымыз түйелі. Содан соң сұқ саусақ пен ортаңғы саусағымызды шығарамыз. Сақина жұдырығым түйелі, Басбармақпен сұқ саусақтарыңды бір-біріне қосыңдар. Саусақтардың сәлемдесуі алақаымызды жоғары көтеріп, Саусақтардың сәлемдесуі алақанды жоғары көтеріп, саусақтарымызды бір-біріме айкастырамыз.

Ойын:

«Болған еді-ал енді» деп аталатын бой жазу. Допты лақтырып, Көп болған – енді (аз). Ыстық болған-енді (суық).

Алыс болған-енді (жакын). Тыныш болған -енді (шулы)

Қорытындылау

Балалардан сұрақ-жауап арқылы қортынды жасау.. Мадақтау.

Нәтижесінде: Заттарды топтарға біріктіруді, оларды топтарға біріктіруді, салыстыруды білді.

Күні: 5.10.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Сол жақтан-оң жақтан.

Мақсаты: Оң қолмен, сол қолды ажырату іскерлігін дамыту.

Әдіс – тәсілі: көрсету, түсіндіру, ойын.

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар, суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі:

«Қолыңды көтер» бойжазуын өткізу.

Тәрбиеші допты балаға лақтырып, оң(сол) қолын көтеруін сұрайды. Бала тапсырманы орындап, допты қайта лақтырады.

Балалардың үш өлшемді кеңістіктегі кеңістіктік түсініктерін кеңейту бойынша жұмыс жалғасады. Бұл сабақта «сол жақ» - «оң жақ» қатынасына ерекше көңіл бөлінеді. Баланың қоршаған заттарға қатысты өзінің орнын және өзіне қатысты қоршаған заттардың орнын анықтайтын жаттығулар тиімді. Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

1 – ойын. «Керісінше жаса». Ойынның

мақсаты «сол жақ» - «оң жақ», «сол жақтан» - «оң жақтан», «солға» - «оңға», т.б. кеңістіктік қатынастарды қалыптастыру.

2 – ойын. «Көзіңді жұмып, есіңе түсір».

Ойынның мақсаты: «сол жақтан» - «оң жақтан» кеңістіктік қатынастарын бекіту; кеңістікте бағдарлау және заттың тұрған жерін есте сақтағаны бойынша анықтау іскерлігін дамыту; есте сақтауды дамыту.

Тәрбиеші балаларға бөлмеде тұрған заттардың орналасуын есте сақтап, содан соң көздерін жұмып, сұрағына жауап беруін сұрайды. Мысалы, «Шкаф бөлменің қай жағында орналасқан?», «Терезе қай жақта орналасқан?», «Көршің сенің қай жағында отыр?» т.б.

Қорытындылау

Жаңа тақырыпты бекіту мақсатында өткізілген ойындар өткізіліп, заттардың кеңістікте орналасуы, оң – сол, сол жақтан, оң жақтан ұғымдары қалыптасты.

Ойынға белсене қатысқан балалар марапатталды.

Содан соң сергіту сәті өткізілді

:

Күтілетін нәтиже:

біледі: «сол жақтан» - «оң жақтан», «оң жақ» - «сол жақ» кеңістіктік қатынастарын;

игереді: заттың тұрған жерін есте сақтағаны бойынша анықтауды, есте сақтауды.

менгереді: «сол жақ» - «оң жақ», «сол жақтан» - «оң жақтан».

Күні: 12.10.2020

Бөлімі: Варнаивтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Уақыт реттілігін анықтау.

Мақсаты: Уақыттық түсініктерді дамыту, уақыттың оқиғалардың реттілігін анықтау іскерлігін қалыптастыру.

Әдіс – тәсілі: көрсету, түсіндіру, ойын.

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар, суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі: «Өскенде не болады?» деп аталатын бойжазу өткізеді.

Тәрбиеші жануардың баласын атап, допты балаға лақтырады.

Жауаптың дұрыстығын тексеру үшін тәрбиеші соған сәйкес суретті (құлын мен ат, балапан мен тауық, бұзау мен сиыр, лақ пен ешкі, қозы менн қой) көрсетеді.

Құлын - ... (ат)

Балапан - (тауық)

Бұзау - (сиыр)

Лақ - (ешкі)

Қозы - (қой)

Уақыттық түсініктерді (кеше – бүгін – ертең, алдымен – кейін, ертелеу – кештеу) анықтау және балалардың күнделікті өмірде осы түсініктерді қолдану іскерлігін білуге байланысты жұмыс жалғасады. Тапсырмаларды орындай отырып, балалар оқиғалардың уақыт барысында реттелген бірізділігін анықтауды үйренеді.

Тәрбиеші: - Қанекей, «Мақта қыз бен мысық» ертегісін еске түсірейік.

Тәрбиеші тақтаға сиырдың, ағаштың, қыздардың, сатушының, тауықтың, тышқанның суреттерін іліп қояды да, сұрақ береді.

- Мысық алдымен қайда барды?
- Сосын кімге барды?
- Ол қайда жұмсайды?
- Ең соңында не істейді?

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

Сергіту сәті.

«Күн мен түн» ойыны ойналады

Қорытындылау

Уақыттық түсініктерді қалыптастырып,

кеше – бүгін – ертең, алдымен, кейін, ерте – кеш деген ұғымдарды ажыратып, жасайтын жұмыстарын реттеуге дағдыланды.

Күтілетін нәтиже: оқиғаны уақытына қарай ретімен сипаттауға көмектесетін сөздерді (кеше, бүгін, ертең, танертең, күндіз, кеш, түн);

Игереді: оқиғаның уақыттық реттілігін анықтау; пайдалана білу.

Күні: 19.10.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Уақытты бағдарлау: тәулік, (таң, күн, кеш, түн) апта күндері. Күн режимі.

Мақсаты: Тәулік бөліктері мен апта күндерін, күн режимі мен оны сақтау қажеттілігі түсініктерін қалыптастыру.

Әдіс – тәсілі: көрсету, түсіндіру, ойын.

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар, суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі: Тәрбиеші тәулік бөліктері, мезгілдері, апта күндері мен олардың реттілігі туралы бұрын меңгерген білімдерін ойын іс – әрекетінде пайдаланып, «Болған және болады» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Тәрбиеші тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады.

- Таң болған,(күн) болады.
- Күн болған,(кеш) болады.
- Кеш болған, ... (түн) болады.
- Түн болған,(таң) болады.

Тәрбиеші балаларды марапаттап барлық апта күндерін атап шығуды ұсынады.

Барлық апта күндерін атап шыққан баланы мақтайды және басқа балаларға да үйретуді сұрайды.

Балалар тәулік бөліктері апта күндерінің реттілігін кеңістіктік – уақыттық қатынастарды білдіретін сөздердің («алдында», «артында», «әуелі», «сосын», «алдымен», «кейін» т.с.с.) көмегімен анықтауды үйренеді. Талқылау барысында балаларда уақыттық аралықтардың (тәулік бөліктерінің, апта күндерінің) ұзақтығы туралы білімдер анықталып, кеңейеді, демалыс және жұмыс күндері, олардың заңдылықтары мен кезектесіп келуі туралы түсініктер қалыптасады. Бұл материалды балалар

«Таңертең ерте кім жұмыс жасайды? Түнде не болады? Дүйсенбі күні сендерде қандай сабақтар өтеді?

Өзіңнің күн режимің туралы айтып бер», т.с.с. өмірлік жағдайлардың мысалында оңай қабылдайды.

Тәрбиеші күн режимін сақтау мен уақытты үнемдеудің маңыздылығына көп көңіл аударады. Апта күндері атауымен танысады.

Материалды бекіту үшін тәрбиеші ойын ойнауды ұсынады.

Сергіту сәті. Тәрбиеші ойын кезінде тәулік бөліктері, адамдардың тәуліктің әр мезгіліндегі іс – әрекеттерін бейнелейтін суреттерді көрсетеді. Мысалы, «Бала тісін тазалап жатыр».

Қорытындылау Балалардан бүгін қандай сөздерді өткенін немесе қандай сөздерді қайталағанын сұрау.

Күтілетін нәтиже: оқиғаны уақытына қарай ретімен сипаттауға көмектесетін сөздерді (кеше, бүгін, ертең, таңертең, күндіз, кеш, түн);

Игереді: оқиғаның ұзақтығы, тәулік мезгілдері туралы түсінік;

Меңгереді: «кеше, бүгін, ертең» деген сөздерді болған оқиғаларға, болып жатқан немесе болатын оқиғаларға қатысты пайдалана білу

Күні: 26.10.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Уақытты бағдарлау: айлар, жыл мезгілдері, жыл

Мақсаты: жыл мезгілдерін, айларды ретімен атау іскерлігін дамыту;

Әдіс – тәсілі: көрсету, түсіндіру, ойын.

Көрнекі құралдар: тақырыпқа сай тапсырмалар, суреттер. Доп.

Ұйымдастыру бөлімі: Тәрбиеші «Тезірек ата» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Тәрбиеші тапсырманы айтып, допты балаға лақтырады. Бала жауап беріп, допты қайта лақтырады.

- Кез келген жыл мезгілін ата.
- Кез келген апта күнін ата.
- Кез келген тәулік уақытын ата.
- Кез келген айды ата.

Бойжаудан кейін тәрбиеші сабақтың тақырыбын жариялайды.

Тәрбиеші тәулік бөліктері, мезгілдері, апта күндері мен олардың реттілігі туралы Балалар барлық жыл мезгілдерінің аттарын атайды.

Тәрбиеші жыл мезгілдері туралы өлең оқып береді.

Күз.

Күз айы басталды,

Құстар қайта бастады.

Жапырақ сарғайып,

Жерге түсе бастайды.

Қыс

Жапалақтап ала қар,

Жауды күнде кайталап.

Қырға шықты балалар

Шаңғыларын аркалап

Көктем

Көктемде көңілді

Құстар кеп жаптқанда,

Құлпыртып өңірді

Гүл ектік бақтарға.

Жаз

Жайкалып жапырақ

Құлпырып қызғалдақ,

Тұратын көз тартып

Жаз келді күншуақ.

Балалар барлық ай аттарын атайды. Уақыттың ауыспалылығы, кезеңдігі және қайтымсыздығы туралы түсінікті бекіту бойынша да жұмыс жүргізіледі. Балалар айлардың, жыл мезгілдерінің реттілігі тұрақты екендігін анықтайды (бейсенбі қашанда сәрсенбінің орнына, ақпан – қаңтардың, жаз көктемнің орнына келеді т.с.с.).

Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ұсынады.

1 –ші ойын. «Алақаныңды соқ – соқпа»

Мақсаты: жыл мезгілдері мен ай аттары білімін бекіту; зейінді дамыту

Мұғалім ай, жыл мезгілдері, тәулік уақыттары, апта күндері аттарын еркін түрдегі кезекпен атайды.

Балалардың міндеті – егер жыл мезгілінің (айдың) атауын естісе, алақандарын соғу, ал мұғалім басқа сөзді атаса – қолдарын жоғары көтеру. Қателік жібермеген балалар жеңіске жетеді.

2 –ші ойын. «Одан әрі не болады?»

Мақсаты: жыл мезгілдерін, айларды ретімен атау іскерлігін дамыту; уақыттың кезеңдігі мен қайтымсыздығы туралы түсінікті қалыптастыру; зейінді дамыту.

Ойынға қатысушылар мұғалімге қарап қатар түзеп тұрады. Мұғалім бірінші қатысушыға қарап кез келген жыл мезгілін (айды) атайды.

Қорытындылау Тәрбиеші ойын кезінде жыл мезгілдерін, айларды ретімен атауға дағдыландырады.

Жыл мезгілдері туралы оқылған тапқатан балалардың түсінігін айтуын өтінеді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: жыл мезгілдері мен ай аттарын, жыл мезгілінің белгілерін; атауды

Игереді: әр жыл мезгіліндегі киім және адамдар еңбегі туралы түсінікті

Менгереді: жыл мезгілдері мен ай аттарының ретін қоя білу, жыл мезгілінің белгілерін түсіндіре біледі.

2.11.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: : Сызықтар. Түзу сызық. Қисық сызық. Тұйық сызық. Тұйықталмаған сызық.

Мақсаты: сызықтарды қоршаған ортадан табу іскерлігін қалыптастыру.

«сызық» түсінігін қалыптастыру, түзу және қисық, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтарды бір – бірінен ажырату іскерлігін дамыту; тұйықталған және тұйықталмаған .

Көрнекіліктер: доп, көз байлайтын орамал.

Әдіс – тәсілі: көрсету, түсіндіру, ойын.

Ұйымдастыру бөлімі

Тактада алдын ала әртүрлі сызықтар салынған.

- «Сызықты ата» дейтін бойжазу өткіземіз.

Сызық атауларының нұсқаларын(түзу, қисық, қиғаш, толқынды, көлбеу т.с.с.) дейтін бала қолын көтереді.

Мұғалім ол балаға допты лақтырады. Ол жауап беріп, допты қайта лақтырады.

Бойжаудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды. Балалар сызықтар (түзу, қисық, тұйықталған, тұйықталмаған) туралы жалпы түсініктерге ие болады. Талқылау барысында балалар сызықты

(2 түстің шекарасы, қағазды кесудің нәтижесі, керілген жіптер, автокөліктің жолы т.с.с) қалай алуға болатынын анықтайды, сызықтарды қоршаған ортадан табады, сызықтың бастауы мен соңы болмайтынын ұғынады. Материалды бекіту үшін мұғалім ойын ойнауды ұсынады.

1 – ші ойын. «Түзу сызықпен от»

Ойынға қатыса отырып, балалар «түзу сызық», «қисық сызық» түсініктерімен танысады, қимыл – қозғалыс үйлесімділігін дамытады.

Мұғалім еденге түзу (қисық) сызық салады. Ойынға қатысушылардың міндеті - осы сызықтың бойымен аяқты бір де бір рет жаңылыс баспастан жүріп өту. Олар мұны әуелі (жаттығу есебінде) көздері ашық күйде жасайды, сосын олардың көздері орамалмен байланады. Басқаларға қарағанда ең түзу жүріп өткен бала жеңеді.

2 – ші ойын. «Түзу сызық құр».

Бұл ойында «түзу сызық», «қисық сызық» түсініктерін бекітіп, ұсақ қол қимылдарын дамытып, командада іскерлігін дамытып, қимыл – қозғалыс белсенділігін дамыту көзделеді.

Ойынның шартында әр команда мүшелері сап түзеп тұрады. Белгілі қашықтықта бетінде саны бар таяқшаларды екі шынашақпен қысып, барынша тез жылдамдықпен түзу сызықпен қойып шығу керек.

Түзу сызық жасап дұрыс қойған ойыншы жеңіске жетеді.

Қорытындылау Тәрбиеші сызықтарды салыстыруды, «түзу сызық», «тұйықталмаған қисық сызық», «тұйықталған қисық сызық» ұғымымен таныстырады және сызықтарды бір – бірінен ажыратуды үйретеді

Күтілетін нәтиже:

Біледі: сызықтарды ажыратып, салыстыруды;

Игереді: сызықтарды ажыратып, графикалық салуды;

Менгереді: сызықтарды бір – бірінен ажырата алады, тұйықталған, тұйықталмаған сызықтарды қоршаған ортадан табуды;

Ұйымдастырылған варнативтік жұмыс жоспары

Күні: 9.11.2020

Бөлімі: Варнативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: «нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесін»

Мақсаты: «нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесінді» түсініктерін қалыптастыру. Балалардың ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Әдіс – тәсілі: бейне фильм, көрсету, түсіндіру.

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар, интерактивті тақта

Ұйымдастыру бөлімі: Олай болса, бүгінгі сабақта біз «Ғарышқа саяхатқа» шығамыз.

Балалар ұшуға дайындалады. /Ғарыш туралы әуен естіледі/ Балаларға сұрақтар қойылады. Интерактивті тақтадан ғарыш туралы бейнефильм көрсетіледі.

- Балалар, сендер ғарыштан не көрдіңдер?

- Жұлдыздар неге ұқсайды екен?

- Түнгі аспанда жұлдыздар қалай көрінеді?

- Олар неге ұқсайды?

/Балалардың жауабын тыңдау. Нүктеге ұқсайды деген тұжырымға тоқталу/.

(Ұ. Т.Ө). Дәптермен жұмыс

- Жұмыс парақтарында нүктелерді бейнелендер.

- Нүктелерді қағаз бетіне үшкір ұшталған қарындашпен дұрыс салуға болады.

- Әр жұлдыздың өз атауы болады. Мысалы: Темірқазық, Акбозат, Есеккырған т.б.

- Біздің нүкте-жұлдыздарымыздың атаулары болуы керек.

- Нүктелерге латынның бас әріптерінің (латын әліпбиінің әріптері) көмегімен атау беріледі: А, В, С, D.

Нүкте –точка-

-Өз нүктелерінді белгілендер.

-Ғарыш әлемінде ғарышқа ұшатын аппарат ұшып бара жатыр деп елестетіндер. Ол жолынан адаспай түзу ұшып барады.

-Ғарыш аппаратының ізін қалай кескіндеуге болады?

-Өз парақтарына осы іздің суретін салындар.

-Не салдындар?

-Сызық салдык.

Нүкте мен сызықтың ең қарапайым геометриялық фигура және сызған сызықтар тұйықталмаған сызық екендігін түсіндіру.

Сызық- линия Саяхатты жалғастырайық. Ұшқыш А нүктесінде орналасқан, осы нүктеден ұшуға аттанады. В, С, D жұлдыздарын ұшып өтіп, қайтадан А нүктесіне оралады.

-Ол ұшып өткен жолдың сызығын сызындар. Ол сызық қандай болып шықты?

Мұндай сызық тұйықталған деп аталады. Біз оны А нүктесінен бастадық та, қайтадан А нүктесіне қайтып оралып, сызып әкелдік. Бұл сызықтың басы да, аяғы да жоқ.

— Сызықта қандай нүкте орналасқан?

— Тұйықталған сызықтың ішінде қандай нүктелер қалды?

— Қандай нүкте сыртында орналасқан?

-Енді В нүктесінен С нүктесіне ұшып бару керек және D нүктесіне қонуды елестету керек. Сызық жүргізіңіз. Сұрақ қойыңыз:

— Сіздің сызығыңыз қандай болып шықты?

-Балалар, сендер түнгі аспаннан жұлдыздардың құлағанын көрдіңдер ме? Сонда олардың артында не қалады? /Сызық қалады деген тұжырымға тоқталу/

Жеке жұмыс парағындағы тапсырманы орындау.

Тұйықталған сызықтарды қызыл түспен, тұйықталмаған сызықтарды көк түспен қоршап сыз.

Қорытындылау

Балалардың алған білімдерін қайталай отырып, мақтап мадақтау.

Нәтижесінде: Балалар «нүкте», «сәуле», «бұрыш», «кесін» туралы түсінік алды. Тапсырмаларды орындап, тақырыпты меңгерді.

16.11.2020-23.11.2020 (2сағат)

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойна»

Тақырыбы: Бір, көп, Сан мен цифр. Жол баған.

Мақсаты: Балаларға жиынтықтан жкеленген заттарды бөліп алу іскерлігін дамыту, бір саны ұғымын түсіндіру

Әдіс - тәсілдер: Түсіндіру, көрнекілік, сұрақ – жауап.

Көрнекіліктер: Суреттер, карточка

Ұйымдастыру бөлімі

Кіріспе сабақ. Ойын: «Әдемі сызғыш» (сабақ сайын қолдану)

1 санын 1 таңбасымен белгілейді. $1 + 0 = 1$. Бір санында бір бірлік бар

Ауада жазу: 1 санын (мұрынмен, баспен, ерінмен) жазу.

Жұмбақ шешу ойыны (топпен)

1 көзім «кідір» дейді 1 көзім «жүгір» дейді

Түсіндіру сәті

Ерте замандағы адамдар санай алмаған, олар тапқан олжаларын қалай бөліскен?

- Тастарды тақтайдың бетіне қойып бөлетін болған. Кейін әрбір санға таңба ойлап тапқан. Сан деген математиканың негізі. Ол жалғыз, біреу, бірінші, тұңғыш, алғашқы деген мағынаны білдіреді. Жер шарында жалғыз ұғымына сай келетін не бар?

Сондықтан 1 – сан патшасы болып табылады. Қалғандары осы бір саннан кейін жүреді.

1) Санамақ айтайық:

1 дегенің – бесігіңді түзедің

1 – білім ал

2) «Ойлан, тап» ойыны: 1 әріптен тұратын сөз ойла: о, у, е, и

У – дегеніміз дәрі (түрлерін айту)

3) Карточкамен жұмыс

№ 1.

1) Не артық? (Қоян, ешкі, аю). Қандай фигура артық? теңдік құрап жаз

2) 1 саны қай әріпке ұқсайды?

3) 1 сөзден тұратын сөйлем ойлап сыз. 1

III. Сергіту жасайық:

1 дегенде – жалғыздан тік тұру, тік секіру, тік айналу, отыру,

Қолды тік көтеру, алға жанға созу. (Қайталау).

Өленді жатқа үйрету.

1 – жінішке жалғыз

Таяқ

1 саны - ол айрықша сан.

Тапсырманы орындайық

4) 1 доп сал боя, 1 үшбұрыш сыз!

5) 1 саны неге ұқсайды

6) Адамның денесінде 1 ғана қандай мүше бар

1 санына теңсіздік,

Ү. Қорыту кезеңі.

1) Аптаның алғашқы күнін ата

2) Ғарышқа тұңғыш ұшқан кім?

3) Жыл басында келетін бірінші ай қандай?

Күтілетін нәтиже:

Негіз біледі: 1 санын танып меңгерді, таңбалай біледі

Қандай түсініктерді игерді: Дидактикалық ойындар арқылы заттарды әртүрлі белгілеріне қарай ажыратуды меңгерді.

Ұйымдастырылған вариативтік жұмыс жоспары

Күні: 7.12.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 2 саны мен цифры.

Мақсаты: 2 санымен және цифрымен таныстыру.

Әдіс – тәсілі: сандар туралы видео көрсету, түсіндіру.

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар, 2 саны жазылған паркша

Ұйымдастыру бөлімі:

Шаттық шеңбері:

Достық туралы

Күн мен жел достасады.

Шөп пен шық достасады.

Көбелек пен гүл де дос,

Біз екеуміз мәңгі дос.

Бәрін доспен бөлісеміз,

Біз ешқашан ренжіспейміз.

Юрий Энтин

Балалар менің қолыма назар аударындар неше текше тұр?

Қане санайық!

1,2

Яғни 2 текше бар екен біз оны қалай білдік?

Санап білдік.

Енді балалар 2 деген сан екі затты білдіреді екен.

1.тапсырма.

Алдарында тұрған суреттерден 2 затты білдіретін тұрған суретті қоршап сызындар.

2. Тапсырма

2 саны жазылған бетшелерге Әдемілем , сызықтан шығармай 2 санын бастыру

3.тапсырма.

Адасқан сандардың ішінен екі санын табу.

Қорытындылау

Балалардан қандай санмен таныскандарын сұрау. Мадақтау.

Нәтижесінде: Балалар екі санымен танысып, оны меңгерді.

Күні: 14.12.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы:

3 саны мен цифры.

Мақсаты: Балаларды 3 санымен және цифрымен таныстыру.

Әдіс – тәсілі: сандар туралы видео көрсету, түсіндіру, санату

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар, 3 саны бейнеленген суреттер. 3 саны жазылған паркша

Ұйымдастыру бөлімі:

Балаларға сандар туралы видео көрсету, қызығушылықтарын ояту.

Ғажайып сәт:

Есік қағылады. Есікті ашып қараса сандар салынған хат келіпті.

Онда Аяз ата былай деген кімде кім маған мына аңдардың ішінен үш санын тапса, соған сыйлығым дайын депті.

1. Тапсырма

Балалар сандардың ішінен 3 санын табады.

Аяз атайдың екінші тапсырмасы бар екен

2. тапсырма

Топтарыңды мұқият қараңдар! 3 санан тұратын затты тауып атаңдар.

3. тапсырма

Көңілді әуен ырғағымен билейміз, әуен тоқтатылғанда балалар 3 тен жұптасып тұра қалыңдар.

4. Тапсырма

3 саны жазылған бетшелерге Әдемілем, сызықтан шығармай 3 санын бастыру

Қорытындылау

Балалардан қандай санмен танысқандарын сұрау. Мадақтау.

Нәтижесінде: Балалар 3 санымен танысып, оны меңгерді.

Күні: 21.12.2020

Бөлімі: Вариазивтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 4 саны мен цифры.

Мақсаты: 4 санымен және цифрымен таныстыру.

Әдіс – тәсілі: Сапалақ әдісі, бір айналым сөйлесу, түсіндіру, санамақ жаттату.

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар, 4 саны бейнеленген суреттер. 4 саны жазылған парқша

Ұйымдастыру бөлімі:

Балаларға санамақ жаттату.

Оң қолымда бес саусак

Сол қолымда бес саусак

Бесті беске қосқанда

Болып шықты он саусак.

Жарайсындар балалар!

1. Тапсырма

Балалар қалып қойған сандарды табындар.

2. тапсырма

Сапалақ әдісі арқылы , балаларға сандарды тапқызу

Сергіту сәті

Тербелейді ағаштар

Алдымнан жел еседі

Кіп кішкентай ағаштар

Үп – үлкен боп еседі.

4. Тапсырма

4 саны жазылған бетшелерге Әдемілем , сызықтан шығармай 4 санын бастыру

Қорытындылау

Балалардан қай тапсырманы орындаған қызықты болғанын білу. Балаларды Мадақтау.

Нәтижесінде: Балалар 4 санын меңгеріп, тапсырмаларды қызыға орындайды.

Күні: 28.12.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Сандарды салыстыру.

Мақсаты: Заттар жиынтықтары мен сандарды «<», «>», «=» белгілерінің көмегімен салыстыру іскерлігін қалыптастыру.

Әдіс – тәсілі: Салыстыру , түсіндіру, санату

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар,

Ұйымдастыру бөлімі:

Шаттық шеңбері

Өзімізді әдемі де сұлу табиғатқа теңеп, шаттық шеңберін жасайық. -

Мен таумын. Бәрінен де биікпін.

- Мен гүлмін. Жұпар иісім бар.

- Мен Күнмін. Жарқырап жылу берем!

- деп балалар шаттық шеңберін жасайды.

Жарайсындар балалар!

1. Тапсырма

Суреттер арқылы балаларға суреттегі заттардың артық, кем немесе тең екендігін түсіндіру.

Қайталап өздеріне көрсетіп айтқызу.

2.тапсырма

Жиынтық палотноға сандарды қойып ортасына қандай белгі қою керектігін орындату $3=3$

3. Тапсырма

Қосымша дәптерге белгілерді салуды тапсыру.

Қорытындылау

Қорытындылап, балаларды мадақтау. Сұраққа көп жауап берген балаға смайлик беру.

Нәтижесінде: Балалар заттар жиынтықтары мен сандарды «<», «>», «=» белгілерінің көмегімен салыстыруды білді.

4.01.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Қосу. «+» белгісі.

Мақсаты: «+» белгісімен таныстыру.

бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бөлшектерді бүтінге біріктіру ретіндегі қосумен танысу.

Көрнекіліктер: доп, жағдаяттық есептер жазылған суреттер **Ұйымдастыру:** Жаңа тақырыпты оқып – меңгеруге дайындық мақсатында бүтін мен бөлшек туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын іс – әрекетіне уәждеу мақсатында «Бүтінді ата» деп аталатын бойжазу өткіземіз. Мұғалім заттың бөлшегін атап, допты балаға лақтырады. Бала ол бөлшекті атап, допты қайта лақтырады.

- Желкен – (желкенді кеме).
- Жапырақ – (ағаш).
- Өкше - ... (туфли).
- Шатыр – ... (үй)
- Қабыршақ - ... (балық)

Бойжаудан кейін мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды. бар карточканы іліп, балаларды бөлшектерді бір бүтінге біріктіру ретінде қосумен таныстырады. Оқып – меңгеретін тақырыпты жақсы ұғыну үшін мұғалім балаларды реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде қосуға берілген қарапайым есептің үлгісін Мұғалім балаларға бүтін мен бөлшек туралы түсінік қалыптастыру бойынша алдын – ала жұмыс жүргізеді. Жиынтықтары бар әртүрлі көрнекілікті тапсырмалардың мысалында бүтін мен бөлшектердің қатынасы анықталады (бөлшектер бүтіннен кіші). Балалар бірнеше бөлшекті бүтін жиынтыққа біріктіруге жаттығады. Сосын мұғалім тақтаға «+» белгісі жасауға үйретеді. Тақырыпты бекіту үшін мұғалім ойын ойнауға ұсынады.

1 – ші ойын. «Бүтін жиынтықты тап».

Мақсаты: бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бөлшектерді бүтін жиынтыққа біріктіру іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Тақтаға фигуралар – бүтін жиынтықтар салынған шашыраңқы түрде бекітілген. Командалар бойынша жұмыс істеу. Мұғалім әр қатысушыға

2 карточкадан – жиынтықтың бөлшектерін береді. Ойынға қатысушылардың міндеті – жиынтық бөлшектерін қосу амалын орындап, оларды тиісті бүтін жиынтықтың жанына бекіту. Қатысушылар бірінен кейін бірі кезекпен ойнайды. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.

2 – ші ойын. «Кім көп ойлап табады?»

Бұл ойын қосуға берілген есептік жағдаяттың үлгісін көрнекілікті материалға сүйеніп жасау іскерлігін қалыптастыру мақсатында ойналады. Мұғалім 3 қызыл және 1 сары алма көрсетеді және өзінің есептік жағдаят нұсқасын ұсынады. Мысалы: «Төлегеннің 3 қызыл алмасы бар еді, апасы Төлегенге тағы бір сары алма берді. Сосын мұғалім «Не туралы сұрауға болады?» дейді.

Есептік жағдаятты талқылап, шешкеннен кейін мұғалім балаларға сурет бойынша өз мәтіндерін ойлап табуды ұсынады. Бекіту үшін мұғалім осыған ұқсас басқа суреттер көрсетеді.

Қортынды: Балалар суреттер түріндегі есептік жағдаят негізінде қосуға берілген қарапайым есепті шығаруды үйренеді.

Бүтін жиынтықтың бөлшектерін табуды меңгеруде жұмыстанды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: «+» белгісін ажыратады. «Бөлшек», «бүтін» ұғымдарын, есептік жағдаяттағы

есепті шығаруды;

Игереді: «+» белгісін ажыратуды. «Бөлшек», «бүтін» ұғымдарын; қосу амалына есептік жағдаяттағы есепті шығаруды;

Меңгереді: заттар жиынындағы «Бөлшек», «бүтін» ұғымдарын түсіндіруді, «+» белгісін ажыратуды.

11.01.2020

Бөлімі: Варьативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Азайту. «—» белгісі.

Мақсаты: «—» белгісімен танысу бөлшекті бүтін жиынтықтан шығару ретіндегі азайтумен танысу;

Көрнекіліктер: доп, жағдаяттық есептер жазылған суреттер **Ұйымдастыру:** Жаңа тақырыпты оқып – меңгеруге дайындық мақсатында бүтін мен бөлшек туралы бұрын меңгерген білімдерді тексеру; ойын іс – әрекетіне уәждеу мақсатында «Бөлшектерді ата» деп аталатын бойжазу өткіземіз.

Мұғалім затты атап, допты балаға лақтырады. Бала ол заттың бөлшегін атап, допты қайта лақтырады.

- Ағаш – (бұтақ).
- Машина – (дөңгелек).
- Үстел – (аяқ).
- Құс – (тұмсық).
- Саңырауқұлақ – (телпек)

Мұғалім балаларға бүтін мен бөлшек туралы түсінік қалыптастыру бойынша жұмысын әрі қарай жүргізеді. Балалар бүтін жиынтықтан заттардың бөлшектерін шығаруға жаттығады. Сосын мұғалім тақтаға «—» белгісі бар карточканы іледі және балаларды жиынтықтан бөлшекті шығару ретіндегі азайтумен таныстырады. Оқып – меңгеретін тақырыпты жақсы ұғыну үшін мұғалім балаларды реттілік суреттері түріндегі есептік жағдаят негізінде қосуға берілген қарапайым есептің үлгісін жасауға үйретеді. Тақырыпты бекіту үшін мұғалім ойын ойнауға ұсынады.

1 – ші ойын. «Жиынтықтың қалған бөлігін тап».

Мақсаты: бүтін мен оның бөлшектері туралы түсінікті қалыптастыру; бүтін жиынтықтан бөлшектерді шығару іскерлігін қалыптастыру; командада жұмыс істеу іскерлігін дамыту.

Тақтаға фигуралар – жиынтықтардың қалған бөлшектері салынған шашыранқы түрде бекітілген. Командалар бойынша жұмыс істеу. Мұғалім әр қатысушыға

2 карточкадан – бүтін жиынтық пен оның бөлшегін береді. Ойынға қатысушылардың міндеті – бүтін жиынтықтан оның бөлшегін азайту амалын орындап, оларды жиынтықтың тиісті қалған бөлшегінің жанына бекіту. Қатысушылар бірінен кейін бірі кезекпен ойнайды. Тапсырманы дұрыс және басқалардан тез орындаған команда жеңеді.

2 – ші ойын. «Кім көп ойлап табады?»

Бұл ойын азайтуға берілген есептік жағдаяттың үлгісін көрнекілікті материалға сүйеніп жасау іскерлігін қалыптастыру мақсатында ойналады. Мұғалім кәмпиттер (3 кәмпит және 1 орама (фантик) суретін көрсетеді және өзінің есептік жағдаят нұсқасын ұсынады. Мысалы: «Мерейдің 4 кәмпиті бар еді. Ол бір кәмпитті жеп қойды.

Сосын мұғалім «Не туралы сұрауға болады?» дейді.

Есептік жағдаятты талқылап, шешкеннен кейін мұғалім балаларға сурет бойынша өз мәтіндерін ойлап табуды ұсынады.

Қортынды: Бекіту үшін мұғалім осыған ұқсас басқа суреттер көрсетеді. Балалар суреттер түріндегі есептік жағдаят негізінде алуға берілген қарапайым есепті шығаруды үйренеді.

Жиынтықтан бөлшектерін алуды меңгеруде жұмыстанды.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: «—» белгісін ажыратады. «Бөлшек», «бүтін» ұғымдарын, есептік жағдаяттағы есепті шығаруды;

Игереді: «—» белгісін ажыратуды. «Бөлшек», «бүтін» ұғымдарын; алу амалына есептік жағдаяттағы есепті шығаруды;

Меңгереді: заттар жиынындағы «Бөлшек», «бүтін» ұғымдарын түсіндіруді, — белгісін ажыратуды.

Күні: 18.01.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 5 Санымен таныстыру.

Мақсаты: 5 санымен және цифрларымен таныстыру

Әдіс – тәсілі: Салыстыру , түсіндіру, саяту

Кіріскі құралдар: тақырыпқа сай тапсырмалар.

Ұйымдастыру бөлімі:

Шаттық шеңбері

Қай өңше, қай қалаға барсаңыз да,

Ақыл-ой өлшеміне салсаңыз да.

Жол жүру ережесі заңды тәртіп,

Ол ортақ үлкен-кіші баршамызға.

Ойын: «Көліктер»

Мақсаты: Балаларға көліктер ауада, жерде және су асты көліктері болатынын түсіндіру.

Көліктің не үшін қажет екенін көліктер туралы білімдерін жетілдіру.

Ойынның шарты:

Суретке қарап көлік түрлерін аттарын айтқызу. Олардың қайсы қай көлік түріне жатататынын ажыратқызу.

Бетшелерде берілген көлік түрлерін су асты болса жасыл түспен қоршап сызу. Жерде жүретін болса қызыл түспен. Ауада ұшып жүретін көліктерді сары түспен бояуды ұсыну.

1. Тапсырма

Балалар суретке назар аударындар бұл 5 саны .

Қане алдымызда тұрған сакиналарды санап шығайық

Санап нешеу екенін айт.

2. тапсырма

Суреттерге қара қай суретте 5 санан тұратын заттар бар .

3. Тапсырма

Бетшелерде салынған 5 санын бастырып шығу .

Қорытындылау

Қорытындылап, балаларды мадақтау. Сұраққа көп жауап берген балаға смайлик беру.

Нәтижесінде: Балалар 5 санымен танысты. 5 санан тұратын заттарда таба білді.

5 санын әдемілеп бастыра алады. Көліктердің түрлерін меңгерді.

Күні: 25.01.2021

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 1-5 сандары.

Мақсаты: 5-тің көлемінде есептеу дағдыларын қалыптастыру.

Әдіс – тәсілі: Ширату, Салыстыру, түсіндіру, санату, Видио ролик

Көрнекі құралдыр: тақырыпқа сай тапсырмалар,

Ұйымдастыру бөлімі:

Ширату

Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,

Ақыл-ой өлшеміне салсаңыз да.

Жол жүру ережесі заңды тәртіп,

Ол ортақ үлкен-кіші баршамызға.

Видио ролик көрсету. 1-5 дейінгі сандар

Ойын: Картотека №10

Жер, су, ауа

Мақсаты: балаларға берілген тапсырманы тез шешуге, жылдам жауап беруге, жерде,

ауада, суда не болатынны дұрыс айтуға төселдіру, қоршаған ортаға қамқорлық сезімен тәрбиелеу.

1. Тапсырма

Балалар суретке назар аударыңдар суреттегі заттардың санын білейік.


Қане алдымызда тұрған ойыншықтарды санайық.

Санап нешеу екенін айт.

2. тапсырма

5 дейінгі санмен есептер шығарайық. (сурет арқылы $4+1$ тб)

Тыбесті жалғастыра отырып, мысалды шеш.



Қорытындылау

Қорытындылап, балаларды мадақтау.

Нәтижесінде: Балалар 5 дейінгі сандардың құрамын, заттардың көлемін санай білді. Есепті шығаруға дағдыланд

01.02.2020

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: «6 саны және цифры»

Мақсаты:

Білімділік: Балаларды бесімен және цифрымен таныстыру. Заттардың саны бойынша салыстыруға (артқы-кем, қанша-сонша бірдей) үйрету, шар мен шеңберді салыстыру тәсілдерін меңгерту, біреу-көп ұғымдарын бекіту.

Дамытушылық: танымдылық әрекетті кеңейту, есте сақтау, ақыл-ойын, ұсақ саусақ қимылдарын, логикалық ойлауын дамыту.

Тәрбиелік: математика пәніне деген сүйіспеншілік сезімдерін қалыптастыру, ұқыптылық көрсетуге тәрбиелеу.

Игі тілек шеңбері

«Қайырлы таң!»

Армысыз, Жер ана

Армысыз, аспан ата

Армысыз, Алтын күн

Қайырлы таң, қайырлы күн!

Таңғалу сәті: Есік қағылып топқа «Сыйқырлы қорапша» әкелінеді.

Тәрбиеші қорапшаны ашып математикалық театрмен кездесу сәтінде жұмбақ шешкіздіртеді балаларға. Балалар математика елінің ханы Алты санымен жүздеседі, 6 саны туралы мағлұматтар алады. Алты санының ханы сандарды салыстыру әдісін түсіндіреді.

2. Сергіту сәті:

Дөңгеленіп тұрамыз

Уықтарын құрамыз

Айналамыз, айналамыз

Киіз үйді құрамыз.

3. Дидактикалық ойын «Біреуі артық» *Мақсаты:* Заттарды топтастыру, берілген карточкалардағы бейнеленген заттарды салыстыра, топтастыра отырып сұрақтарға жауап беру.

Балалар заттардың шеңбер ішіндегі суретін салады.

Алты ханының әкелген тапсырмалары:

1. Санды ажырату
2. Салыстыру қайсысы кем, ал қайсысы артық екенін $4 < 6$, $6 > 3$
3. Ауада жазу

Балалар жұмыс дәптерінде берілген тапсырмаларды орындайды.

Дәптермен жұмыс: 6 санын штрих бойынша және өзінше жазу

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: алты санын ажырата, салыстыра алады.

Қандай түсініктерді игерді: балалар ойлау, қабылдау арқылы түсініктерді игереді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Сұрақтарға жауап бере, саусақ жаттығуларың, ойын шарттарын дұрыс орындады.

8.02-15.02.2020 (2сабақ)

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 7 санымен цифры.

Мақсаты: 7 санымен цифрымен таныстыру. Құрамын анықтау арқылы 7 санының қатарын ретімен ауызша санауға жаттықтыру, логикалық ойындар, есептер шығару арқылы балалардың 7 саны көлемінде білім-біліктілігін арттыру, тура және кері санауға үйрету. Геометриялық пішіндерді анықтау.

Қажетті құрал мен материалдар: кеспе сандар, геометриялық пішіндер, суреттер.

Сөздік жұмыс: бірлік, жеті.

Балалар шеңбер жасап тұрып бір-біріне игі тілектер мен жылы лебіздерін, әдемі сөздерін алақан жылуы арқылы сезіне тұрып жеткізеді.

Мектепке сендер бір аптада неше күн келесіңдер?

Сонда барлығы неше күн болады?

Олай болса, балалар, бүгін сандар әлеміне саяхат жасаймыз. Алдымен жаттығулар жасап үйренейік.

Кіп кішкене балақан,

Алға созып алақан.

Оңға, солға қарайды.

Сасуақтарын санайды.

Ұйымдастыру:

№1 тапсырма.

1 –ден 6 –ға дейін тура сана,

1 –ден 6-ға дейін кері сана.

№2 тапсырма. Санамақ айт.

№3 тапсырма. Есепті шығар.

$5+1=6$ $4+2=6$ $5+2=7$ $6+1=7$

Ойын: «Қай сан жоқ»

1 дөңгелек, 2-төртбұрыш, 3-үшбұрыш, 4- сопақша, 5-ромб, 6-тік төртбұрыш, шаршы- ?

7 саны мен цифры.

Балалар бүгін біз 7 санымен, цифрымен танысамыз. Қазақ халқында 7 саны –қасиетті сан. Ырымдар өте көп. (7

шелпек, 7 ата, 7 күн)

7 цифы неге ұқсайды?

Ой сергек:

Қанатымда бес ешкі,

Жанатымда екі ешкі.

Жайылып жүр көгалда,

Кім біледі, неше ешкі?

Қортынды: Балалар біз қандай цифрмен таныстық? Сендер сабақта жаңадан не үйрендіңдер? Қандай тапсырма ұнады?

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: 1,2,3,4,5,6 санын, жаңа 7 санымен танысып, ерекшелігін ажырата біледі;

Игерді: геометриялық пішіндерді айыра білу;

Меңгерді: сан мен санамақ ойын әдістерін, сөздік қорын меңгерді;

22.02-1.03.2020 (2сабақ)

Бөлімі: Варьативтік компоненті «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 8 саны мен цифр

Мақсаты: 8 санымен цифрымен таныстыру. Өткен сабақтағы 7 санына 1-ді қосып, 8 санын алуға болатынын түсіндіру, «+», «-», таңбаларын пайдаланып сегізге дейінгі көлемде жазбаша, ойша есептер құрастыру.

Шаттық шеңбері:

Қуан шаттан алақай,
Қуанатын кез келді.
Қайырлы таң, қайырлы күн,
Күліп шықты бүгін күн.
Балалар біздің бүгінгі тақырыбымыз 8 саны мен танысамыз.
Жұмбақ шешу.

Өр қолына Нүриден,
Төрт өріктен бердім мен.
Бала санай білмеді,
Неше өрік ол жеді.
Әліппе-дәптермен жұмыс.

№1 тапсырма. Цифрды заттар тобымен сәйкестендіру.

8 затты санау. Оларды 2 себетке орналастырамыз.

№2 тапсырма.

8 санының құрамы. 8 санын қандай сандардан құрастыруға болатынын атау. Шартты белгілермен жұмыс.
Тапсырма бойынша картина құрастыру, немесе сурет салу. Қолғаптың жұбын алу үшін өрнектер құрастыру. Өз өрнегін ойлау. Суретте неше қолғап.

Сергіту сәті:

Топ, топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап?
1,2 деп екі ұрдым,
Шатырға сен секірдің.
3,4,5,деп үлгердім,
Ішіне ендің гүлдердің.
6,7 дегенде,
Жаттың шоршып еденде.
8,9 дегенде, сайға сырғып жөнелдің.
Топ,топ, добым домалақ,
Қайда кеттің домалап?

№3 тапсырма.

Зандылықты тап.

Пішіні бірдей қыш құмыраларды көрсету. Құмыраларды қандай топқа және белгілері бойынша бөлуге болады?
(Сурет бойынша және түсі бойынша)Тиісті жапсырманы тап. Бос жерге жапсыру.

№4 тапсырма. Үзік сызықтар түсір және бастыр.

Дидактикалық ойын: «Қай сан калып қойды?»

Қортынды: Балалар біз қандай цифрмен таныстық? 1-ден 8-ге және 8-ден 1-ге дейін тура және кері бағытта санандар.

Күтілетін нәтиже:

Негіз біледі: Тапсырманы орындап, есептер құрастырып оны (ауызша, жазбаша) шешуді;
Игерді: Тура және кері санауды;

8.03-15.03.2020 (2сабақ)

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 9 саны мен цифры.

Мақсаты: 9 саны оның цифрымен таныстыру. 9 санының құрамын анықтай білуге дағдыландыру. 9 санынан бастап бір-бірден шегеріп отырып, кері қарай 0-ге дейін, 0-ден 9-ға ауызша, жазбаша тура санай білуге үйрету.

Қажетті құрал мен материалдар: сандардың кеспе цифрлары, санауға керекті таяқшалар, үлестірмелі материалдар, дәптер, қарындаш, ойыншықтар. **Ұйымдастыру:** Бақшамызға барғанда, жолыққан бар жандарға, Ертемен ақ пейілмен: «Қайырлы таң!»-деймін мен. Күндіз де елді елеймін. «Қайырлы күн!» - тілеймін. Үйге кешке келемін, не дерімді білемін: «Кеш жарық!» - деп кіремін.

«Көбелекті ұста» ойынын ойнайық.

Шарты: Сендер гүлдерсін, сол гүлге көбелек ұшып келіп қонады. Көбелек қонған бала менің сұрағыма жауап береді.

Сұрақтар:

- 1) Жылдың қай мезгілі?
- 2) 1-ден 8-ге дейін тура сана.
- 3) 1-ден 8-ге дейін кері сана.
- 4) Санамақ айт.
- 5) Ал 8 санына 1-ді қосып едік қандай жана сан пайда болады?

Әліппе дәптермен жұмыс.

№1 тапсырма. Суретпен жұмыс.

9 арадан қоршап сыз.

Алма ағашты бояу.

№2 тапсырма.

Алма ағашының екі жағындағы алмаларды санау. Санын жаз. Ағаштағы барлық алма санын көрсететін цифрды жапсыру.

№3 тапсырма.

Қай себетте доп саны артық?

Қай себетте кішкентай доптар саны кем?

Сергіту сәті:

Топ, топ, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап?

1,2 деп екі ұрдым,

Шатырға сен секірдің.

3,4,5, деп үлгердім,

Ішіне ендің гүлдердің.

6,7 дегенде,

Жаттың шоршып еденде.

8,9 дегенде, сайға сырғып жөнелдің.

Топ, топ, добым домалақ,

Қайда кеттің домалап.

Дидактикалық ойын: «Қандай сандар жетіспейді?»

Қортынды:

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: 1-ден 9-ға дейін тура және кері санай білу;

Менгерді: сандық қатынастарды менгерді;

22.03.-29.03.2020 (2сабақ)

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 1. 0 саны мен цифры.

Мақсаты: 0 санымен және цифрымен сандық қатардағы орнымен танысу.

Қажетті құрал мен материалдар: суреттер, ойыншықтар, сандар, таяқша, геометриялық фигуралар.

Ұйымдастыру бөлімі

Жылулық шеңбер.

Көп қызық бар әлемде,

Құштар бол сен білімге.

Бізбен оқы жалықпа

Білмегенді анықта.

Ойланайық, ойлайық,

Кітаптарды оқыық.

Женістерге әрдайым,

Біліммен жетейік.

№1 тапсырма.

Суретті сипатта. Болғаны – 3. Біреуі кетіп қалды. Қалғаны нешеуі? $3-1=2$. Содан кейін $2-1=1$. Ақырында соңғы бала кетті $1-1=0$?

Қандай сан шықты?

Мұны 0 цифрымен белгілейміз. 0 саны қалай шықты?

№2 тапсырма.

5 санының құрамын еске түсіреміз. Екі сөреге 5 кітапты қандай жолмен орналастыруға болады? Бос торкөздерге қажетті шеңберлер санымен толықтыр.

№3 тапсырма.

Цифрларды тауып, жаз.

Суретте қандай цифрлар бар?

Оларды көрсетіп, атап бер. Ретімен ата.

№4 тапсырма.

0 цифрын жазуға және бастыруға арналған. Бүкіл жолды алдымен үзік сызықпен, содан кейін үзік сызықсыз жазу. Бағытқа сәйкес қисық сызық түсіру.

Сергіту сәті:

1,2,3 жинап алдық күш.

4,5,6, бой жазамыз мықты.

Дәптерімізді ашайық,

Әдемі етіп жазайық.

Үлестірмелі материалмен жұмыс. Аққала қандай геометриялық фигуралардан тұрады?

Ойын «Адасқан сандар»

Қорытынды: Балалар біз бүгін сабақта қай санмен таныстық? Берілген тапсырмаларды орындадық. Тура және кері санайық

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: 0 санымен және цифрымен танысып 5-ке дейінгі реттік санауды біледі;

Игерді: геометриялық пішіндерді айыра білу;

Меңгерді: азайтудың мән-мағынасын меңгерді

5.04-12.04.2020 (2сабақ)

Бөлімі: Вариативтік компонент «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 10 саны мен цифры.

Мақсаты: 10 санымен және цифрымен таныстыру, 10 санының құрамымен таныстыру; 10-ға дейінгі реттік санауды бекіту;

Қажетті құрал мен материалдар: кеспе сандар, ойыншықтар, үлестірмелі материалдар

Ұйымдастыру:

Шаттық шеңбері:

Қуан шаттан, алақай,

Қуанатын келді күн!

Қайырлы таң, қайырлы күн!

Күліп шықты бүгін күн!

Ауызша жұмыс. 10-ға дейін тура және кері тәртіппен санау.

Ойын. Суретке сәйкес санды табады және мұны керісінше жүргізеді. 6-9 сандарын бейнелейтін сурет көрсету.

№1 тапсырма. Суретте саны 10-ға дейін түрлі заттар берілген. Қандай заттар бейнеленгенін ата. Заттарды топқа бөл. Заттар тобын ата. Еше доп, матрека, қылқалам, кітап және т.б. барын анықта. Цифрды заттар тобымен сәйкестендер.

Үлестірмелі материалмен практикалық жұмыс

10 санының құрамын шығару.

4 пен 5, 5 пен 5, 2 мен 8, 3 пен 7.

Сергіту сәті:

Алты қоян,

сегіз шырша, он нүкте,

Еше қоян болса, сонша рет секір.

Еші жасыл қоян болса, сонша рет еңкей.

Шеңберде еше нүкте бар болса, қолыңды сонша рет көтер.

№2 тапсырма. 7 санының құрамын бекіту.

$4+3=7$ $2+4=7$ $1+6=7$ $4+2=7$ $4+3=7$

№3 тапсырма. Кестеде қандай геометриялық фигуралар бейнеленген? Шеңбер, шаршы, ұшбұрышқа ұқсайтын заттарды ата. Кестеге қажетті фигураларды сал.

№4 тапсырма. №1 тапсырмада 10 санының жазылуымен таныстыру.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Тапсырмаларды дұрыс орындай біледі;

Игерді: 10 санымен және оның жазылуын;

Менгерді: 10-ға дейін реттік санауды;

Күні: 19.04.-26.04.2021 (2 сағат)

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Теңгемен танысу

Мақсаты: Ұлттық валюта теңге туралы жалпы мағлұмат беру. Балаларды түрлі монеталармен таныстыру

Әдіс – тәсілі: көрсету, түсіндіру, ойын, салыстыру

Көрнекі құралдар: тақырыпқа сай тапсырмалар, суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі:

Зейіндерін сабаққа аудару.

Өткен сабақты еске түсіру:

«Бәйге» ойыны

1 2 3

4 5 6

7 8 9

Сұрақтары:

1. 1 колында неше саусақ бар?

2. Қандай фигураларды білесің?

3. 5 пен 7-нің арасында қандай сан бар?

4. 8 санының көршісін тап.

5. $5.5 + 1 = ?$ Есепті шығар

6. Сызықтар нешеге бөлінеді?

7. Алты алманың екеуін

Диас сұрап алды

Айтшы сонда нешеуі

Өз колында қалды? (4)

8. 7 6 қайсысы үлкен, қайсысы кіші?

9. $8 + 2 = ?$ Есепті шығар

Балалардың жауаптары тыңдалады.

Ұйымдастыру -ізденушілік -Жаңа сабақ түсіндіру

Теңге - ұлттық ақшаның атауы.

Оның түрлері: ұсақ тенгелер темір күйінде болатыны, 1,2,3,5,10 және т.б. болып ірілене беретіндігі, олардың ірі болған сайын құны артатындығы, ұсақталған сайын құны кемитіндігі туралы мағлұмат беріледі.

Күтілетін нәтиже:

Нені біледі: Теңге жайлы мағлұмат алады

Қандай түсініктерді игерді: Ақшаны үнемдеп пайдалану керек.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Тапсырманы орындау

Күні: 03.05.-10.05.2021 (2 сағат)

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: Сағат

Мақсаты: Уақытты сағат бойынша анықтау іскерлігін анықтау.

Көрнекі құралдар: тақырыпқа сай тапсырмалар, суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі:

Балалар шаттық шеңберінде тұрып, бір-бірілеріне жақсы тілектер тілеп, жылы лебіздер білдіреді.

Амандасу

Күз мезгілі,

Қараша айы,

Балалар жауабы.

Күздің күні қандайды?

Ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түсті.

Жиі-жиі жаңбыр жауды.

Бала: Күзім-ау, күзім-ау,

Мінезін бұзық –ау.

Жаңбырын сіркіреп,

Келгенің қызық-ау.

Іздену ұйымдастырушы

Есік қағылып, Ересек «Қарлығаш» тобына деп жазылған арнайы Есепбике ханымнан хат келді. Тәрбиеші балаларға хаттың мазмұнын толық түсіндіріп береді.

-Балалар сіздер Есепбике ханымның мына хатта жазған тапсырмаларын орындай аласыздар ма? Балалардың математикалық түсініктерін тексеру, өткендерді қайталау.

Қабылдау қабілетін дамытуға арналған жаттығулар.

1 - тапсырма. Жұмбақ жасыру

«Бұл қай кезде болады»

2 - тапсырма. « Аптада неше күн бар?»

Бір аптада неше күн бар?

Апта деген атайдың,

Жеті бірдей ұлы бар.

Біріншісі - Дүйсенбі.

Екіншісі – Сейсенбі.

Үшіншісі – Сәрсенбі.

Төртіншісі – Бейсенбі.

Бесіншісі – Жұма.

Алтыншысы – Сенбі.

Жетіншісі – Жексенбі.

3 - тапсырма. «Жұмыс күндері қандай?»

Жаңа тақырып: Уақыт. Уақыт бойынша бағдарлау: таңертең, күндіз, кеш, түн.

Ізгі сөздер

Бақшамызға барғанда,

Жолыққан бір жандарға,

Ертемен, ақ пейілмен

«Қайырлы таң!»-деймін мен

Күндіз де елді елді елеймін

«Қайырлы күн!»-тілеймін

Үйге кешке келемін,

Недерімді білемін

«Кеш жарық!»-деп кіремін.

Дәптерді ашып, таңертең, күндіз, кеш, түн деген сөздерді бекітуге арналған 1-тапсырманы орындайық.

Адамдардың таңертең, күндіз, кеш, түнде не істейтіні туралы әңгімелесіп алайық.

- Сіздерді ата-аналарың қай кезде балабақшаға әкеліп тастайды және қай кезде алып кетеді?
- Қай уақыттарда адамдар тамақтанады?
- Таңғы ас – таңертең, түскі ас – күндіз, кешкі ас – кешке ішіледі. Ал түнде адамдар тамақ жемейді, түнде адамдар ұйықтайды.

Балалар жұлдызшалармен мадақталады

Күтілетін нәтиже:

Оқиғаны ретімен сипаттайды:таңертең, күндіз, кеш, түн.

Тәулік мезгілдері туралы түсінік алады.

Күні: 17.05.-24.05.2021 (2 сағат)

Бөлімі: Вариативтік компонент» «Ойнада ойлан»

Тақырыбы: 0-10 сандары

Мақсаты: Есептік және реттік санау дағдыларын бекіту.

Көрнекі құралдар: тақырыпқа сай тапсырмалар, суреттер.

Ұйымдастыру бөлімі: Шаттық шеңбері

Біздер тату баламыз,

Өсіп алға барамыз.

Есептерді шығарып,

Біз білімді боламыз.

Сәлеметсізде ме балалар?

Олай болса, математикалық білімімізді толықтыру үшін математика сабағымызды бастайық.

Өткен оқу қызметімізде қандай санды өттік?

-Жақсы балалар, енді осы 10 санын бүгін тура және кері санап үйренеміз.

Жұмыс дәптері

0 – 10 дейінгі сандады тура және кері санайды. (үш тілде)

0 – 9 дейінгі сандарды бастырады.

Әр пойызға 11 вагоннан жапсыр. Барлығы неше вагон болады?

1 – 10-ға дейінгі сандарды ретімен қос.

Қорытынды жасайды.

Біз бүгін қандай санмен таныстық?

10 санының көршісін ата.

Кері байланыс. Смайликтерді тактаға жапсыру арқылы

Бағалау. Жұлдызшалар таратылады.

Балалар, сіздер сабаққа жақсы қатысып, келген қонақтарға білімдеріңді көрсеттіңіздер. Мен сіздерді

Қазақстанның үлкен азаматтары мен азаматшалары болатындарына сенімдімін.

Күтілетін нәтижелер:

Орындайды: цифрды заттың санымен сәйкестендіруді

Түсінеді: 10 санын табу және бейнелеуді

Қолданады: оқу қызметінде үйренген цифрлармен, қосу, азайту амалдарын, санамақтарды